



БАУЫРЛАС ЕЛДЕР БАЙЛАНЫСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ АРТТЫ

Мемлекет басшысы Тәжікстан Президентімен кездесу өткізді. Қасым-Жомарт Тоқаев «Болашақ ойындары – 2026» халықаралық мультиспорт турнирінің ашылу салтанатына құрметті қонақ ретінде қатысқаны үшін Эмомали Рахмонға алғыс айтты.

Кездесу барысында президенттер стратегиялық серіктестік пен одақтастық рухында дәйекті түрде дамып келе жатқан қазақ-тәжік қатынастарының қазіргі деңгейін жоғары бағалады. Тұрақты саяси диалогтың, сондай-ақ екі елдің үкіметтері мен іскер топтары арасындағы белсенді байланыстардың маңызы да атап өтілді.

Сауда-экономикалық қарым-қатынастарды одан әрі кеңейтуге, көлік-

логистика және энергетика салаларындағы ынтымақтастықты дамытуға, сондай-ақ бұған дейін қол жеткізілген жоғары деңгейдегі уағдаластықтарды жүзеге асыруға баса назар аударылды.

Мемлекеттер басшылары өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты. Сонымен қатар алдағы көпжақты форматтағы бірлескен іс-шаралардың кестесін талқылады.

ТАРИХИ ЖЕҢІСПЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев семсерлесуден Қазақстан ерлер құрамасын Гонконгта өткен әлем чемпионатындағы жеңісімен құттықтады. Бұл жөнінде Президенттің кеңесшісі – Баспасөз хатшысы Айбек Смадияров Telegram арнасында хабарлады.



Мемлекет басшысы құттықтауында семсерлесушілердің ел тарихындағы тұңғыш алтын медалі спорттық шеберліктің, болаттай берік мінез бен командалық рухтың айқын көрінісі екенін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев жеңімпаздар мен жаттықтырушылар құрамына Қазақстанның әлемдік аренадағы беделін арттыруға қосқан үлесі үшін шынайы алғысын айтып, жаңа жеңістерге жете беруіне тілектестік білдірді.

КӨЛІК КӨБЕЙДІ, ЕНДІ САПА СЫНАЛАДЫ

Сұраныстың сақталуы өндіріс көлеміне де әсер етті. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2026 жылдың қаңтар-маусым айларында Қазақстан кәсіпорындары 96 089 автокөлік пен түрлі техника шығарған.



СУДЫҢ СҰРАУЫ КҮШЕЙІП КЕЛЕДІ

Бұл жағдай Қазақстанның су мәселесіне назар аударуға шақырған бастамасының құнын арттырып отыр. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ аясында Халықаралық су ұйымын құру бастамасын көтерді.



«БОЛАШАҚ ОЙЫНДАРЫ – 2026»: АҚЫЛ-ОЙ МЕН ЦИФРЛЫҚ ДӘУІР ҮЙЛЕСІМІ

Мемлекет басшысы «Болашақ ойындары – 2026» сайысының ашылу салтанатына қатысып, сөз сөйледі.

«Барыс Арена» стадионында ұйымдастырылған іс-шараға Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон және басқа да ресми тұлғалар құрметті қонақ ретінде қатысты.

— Құрметті ханымдар мен мырзалар! Қадірлі достар және меймандар! Ең алдымен, шын жүрегіммен бәріңізге елордамыз — Астанаға қош келдіңіздер деймін!

Бүгін біз «Болашақ ойындары – 2026» халықаралық сайысын бастаймыз. Бұл — елдеріміз арасындағы достық қарым-қатынасты нығайтатын мағынасы айрықша тарихи іс-шара. Дүбірлі дода биыл Қазақстанда алғаш рет өтіп жатыр. Біз үшін бұл — зор мәртебе. Жана ғана Ресей Президенті Қазақстанға және барша спортшыларға арнайы құттықтауын жолдады. Ыстық ықыласы үшін Ресей көшбасшысы Владимир Владимирович Путинге зор ризашылығымды білдіремін.

Бүгінгі салтанатты рәсімге Тәжікстан Президенті Эмомали Шарипович Рахмон, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирмонович Мирзиёев, Қырғызстан Президенті Садыр Нургожоевич Жапаров қатысып отыр. Бауырлас елдердің басшыларына және ресми делегация жетекшілеріне алғыс айтамын.

Баршанызға мәлім, «Болашақ ойындары» — Ресейдің бастамасымен жүзеге асқан жоба. Бұл жобаның сәтті іске асуы Президент Владимир Путиннің арқасы деуге толық негіз бар. Аз уақыт ішінде бұл жарыс жаһандық деңгейдегі сайысқа айналды. Бірінші дода Қазан қаласында өтіп, содан кейін Абу-Дабиде жалғасын тапты. Ал бүгін бәріміз Ұлы дала төсінде бас қосып



отырмыз. Елордамызға 30-дан астам мемлекеттен 800-ге жуық спортшы келді. Астанадағы «Болашақ ойындары» классикалық спорт пен кибериндустрияны тоғыстырған жаһандық фиджитал-қозғалысқа тың серпін береді деп сенемін, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазір бүкіл әлемде түбегейлі өзгерістер болып жатқанын еске салды. Озық технологиялар барлық салаға еніп, адамдардың тұрмыс-тіршілігіне ықпалын тигізуде.

— Жана дәуірдің талаптарына сай болу үшін біз толық цифрланған мемлекет құруға кірістік. Қазақстан Парламенті Цифрлық кодекс және Жасанды интеллект туралы арнайы заң қабылдады. Бұл заңдар осы аса маңызды саланың дамуына үлкен серпін берді. Басқаша айтсақ, бұл қадам еліміздің озық мемлекеттер қатарына қосылуының айқын дәлелі болды.

Бірінші шілде күні еліміздің жана Конституциясы заңды күшіне енді. Бұл халқымыз үшін тарихи

оқиға болды деп айтсақ, артық емес. Бас құжатта еліміздегі жасанды интеллектінің жоғары қарқынмен дамуына және азаматтардың цифрлық әлемдегі құқығын қорғауға нақты кепілдік берілді. Бұл — шын мәнінде, бұрын-соңды болмаған, яғни өркениетке қарай жасалған озық қадам.

Біз осы жылды Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жарияладық. Осылайша, цифрлық болашаққа нық сеніммен аяқ бастық. Бұл — мемлекетіміздің алдында тұрған аса маңызды стратегиялық мақсат. Осы міндетті біз бәріміз біртұтас қоғам ретінде табысты іске асыруымыз қажет. Сондықтан қазір елімізде жаңа заманға қажетті мамандар даярлау ісі тұрақты түрде жүзеге асырылып жатыр. Қазақстанда AI-Sana мемлекеттік бағдарламасы арқылы қазірдің өзінде жүздеген мың азамат тиісті құзыреттер мен дағдыларды меңгерді, — деді Мемлекет басшысы.

(Жалғасы 2-бетте)

әділет

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАНДЫ БІРГЕ ҚҰРАЙЫҚ!

ҚҰРЫЛТАЙ САЙЛАУЫ-2026

Дайындаған: «APPAZOV» ЖШС.
«Әділет» партиясы» ҚБ сайлау қорының қаражаты есебінен төленді.
Тапсырыс беруші: Н.Т. Мыңжасаров.

Құрметті оқырмандар!

Техникалық себептерге байланысты 2026 жылғы 28 шілдедегі №83 (4768) газет нөмірінде «Әділет» саяси партиясының ақпараттық модулі қойылуға тиіс міндетті таңбалау жарияланбай қалды. Келтірілген қолайсыздық үшін кешірім сұраймыз.

«БОЛАШАҚ ОЙЫНДАРЫ – 2026»: АҚЫЛ-ОЙ МЕН ЦИФРЛЫҚ ДӘУІР ҮЙЛЕСІМІ

(Басы 1-бетте)


Президент биыл күзде Астанада Жасанды интеллект университеті ашылатынын атап өтті. Елімізде нейрожелінің көмегімен түсірілген фильмдердің халықаралық фестивалі өтеді. Сондай-ақ келесі жылы елордамызда Халықаралық киберспорт федерациясының қолдауымен әлемдік дода ұйымдастырылады. Бұл — Қазақстанда іске асып жатқан ауқымды бас-тамалардың бір бөлігі ғана.

— Құрметті мемлекеттер басшылары, отандастар және достар! Бүгін елордамызда, шын мәнінде, ерекше іс-шара өтіп жатыр. Бұл — спорт пен интеллектінің үйлесімі, сонымен қатар күш-қайрат пен зияткерлік әлеуеттің бәсекесі. Олар арасында қарама-қайшылығы жоқ, керісінше бір-бірін толықтыратын ұғымдар екеніне көзіміз жетіп отыр. Алдағы сайыстардың түпкі философиялық мәні де осында. Осынау жаһандық ауқымдағы ойындар барша адамзаттың жарасымды әрі бейбіт болашағын айшықтайды. Қазақстан қашанда халықаралық қауымдастықпен бірге бейбітшілікті, қауіпсіздікті, әділеттілік пен дамуды қолдай береді.

Құрметті достар! «Болашақ ойындарында» спорттың күш-қуаты, ақыл-ой мен цифрлық дәуірдің орасан әлеуеті үйлесім тауып, баршамызға ортақ жасампаздық ұстанымымен толық үндеседі. Бұл турнир кереғар дүниелерді бір арнаға тоғыстырады. Оның негізінде шынайы және виртуалды әлем арасындағы ақылға қонымды тепе-теңдік жатыр, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы аренаға негізінен жастар жиналып отырғанына назар аударды.

— Сіздер білімді, талантты, еңбекқор, талапты болсаңыздар, болашақтың іргетасы бекемделе түсетіні анық. Алда өздеріңізді биік белестерге бастайтын соқтықпалы-соқпақсыз жол күтіп тұр.



Ой-пікірі ортақ, мүддесі бір, сенімді серіктер жандарыңыздан табылғанда ғана бұл жолды еңсеру оңай болмақ.

Ойынға қатысушылардың әрқайсысы тыңғылықты дайындықтан өтті. Олар өз командаларының намысын абыроймен қорғауға әзір. Сіздер «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» шығып, жаңа достар тауып, келешегі зор жобаларды бірлесе қолға аласыздар деп сенемін. Себебі «Болашақ ойындарының» басты миссиясы — адамдарды жаңа жетістіктер жолында жұмылдыру және жігерлендіру, — деп атап өтті Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, үлкен спорт қай кезде де әртүрлі мәдениеттерді тоғыстырып, мемлекеттер мен халықтар арасын жа-



қындатуға себепкер болған. Сондықтан жаһандық сын-қатерлер өршіп тұрған жағдайда осындай бірегей жобалардың мән-маңызы арта түсетіні анық.

— «Болашақ ойындары» елдеріміздің арасындағы ынтымақтастықтың, достық пен келісімнің «алтын көпіріне» айналады деп сенемін. Қадірлі достар! Сөз соңында осы тамаша спорт мерекесін өткізуге атсалысқан барша азаматқа шынайы ризашылығымды білдіремін. Ұйымдастырушыларға, серіктестерге, төрешілер мен бапкерлерге, тиісті мамандарға және еріктілерге алғыс айтамын. Бұл ойындар халықтарымыздың тамыры терең достығын бекемдейді, береке-бірлігін арттыра түседі деп сенемін. Спортшыларға сәттілік тілеймін! Біз сіздерден тартысты ойын күтеміз. Ендеше «Болашақ ойындары — 2026» сайысын ашық деп жариялаймын, — деп түйіндеді Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ ашылу салтанатында Ресей Президенті Владимир Путиннің турнир қатысушыларына бейнеүндеуі көрсетілді. Сонымен қатар жиында «Болашақ ойындарының» бас директоры Дэн Меркли сөз сөйледі. Бұдан соң көрермендер театрландырылған шоу мен отандық эстрада жұлдыздары қатысқан концерттік бағдарламаны тамашалады.

29 шілде-9 тамыз аралығында Астана қаласында алғаш рет киберспорт пен спорттың дәстүрлі түрлерін және жаңа технологияны ұштастырған халықаралық турнир өтеді. Биылғы сайыстарға 34 елден келген 800-ден астам спортшы қатысады. Астанадағы турнирде спортшылар фиджитал-футбол, фиджитал-баскетбол, фиджитал-жеке-жек, фиджитал-шутер, фиджитал-би, Dota 2, Mobile Legends: Bang Bang және PUBG: Battlegrounds секілді 8 бағыт бойынша күш сынасады.

М.ЖАЛҒАСҰЛЫ

ҰЛТТЫҚ ТЕЛЕДЕБАТ: ЕЛ ДАМУЫНА БАҒЫТТАЛҒАН ЖЕТІ КӨЗҚАРАС

Алматыда елдегі маңызды саяси науқан қарсаңында Құрылтай сайлауына қатысатын жеті саяси партияның өкілдері ұлттық теледебат алаңында бас қосты. «Қазақстан» республикалық телерадиокорпорациясының ұйымдастыруымен өткен саяси додада олар сайлауалды бағдарламаларын таныстырып, елдің қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты ұстанымдарын ортаға салды. Пікірсайыс Qazaqstan ұлттық телеарнасының тікелей эфирінде көрсетілді.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

Теледебат «Қазақстанның болашағы — адам капиталы» тақырыбына арналды. Пікірсайыс бес кезең бойынша ұйымдастырылды. Алғашқы бөлімде саяси партиялар өкілдері сайлауалды бағдарламаларын таныстырса, келесі кезеңде олар барлығына ортақ екі сауалға жауап берді. Бұдан кейін қатысушылар бір-біріне сұрақ қойып, өз ұстанымдарын алға тартты. Төртінші кезеңде әлеуметтік желілер арқылы келіп түскен сауалдарға жауап берді. Пікірсайыс соңын әр партияның өкілдері қорытынды сөздерімен түйіндеді.

Жеребе қорытындысы бойынша пікірсайысты алғаш болып «Ауыл» партиясы төрағасының бірінші орынбасары Серік Егізбаев бастады. Ол өз сөзінде партияның Құрылтай сайлауына нақты әрі жан-жақты әзірленген бағдарламамен келгенін атап өтті. Оның сөзінше, еліміздің орнықты дамуы мен қуатты мемлекет қалыптастырудың негізі — ауылдар мен өңірлердің өркендеуі. Сондықтан ауылды дамыту — басты басымдықтардың бірі. Күшті мемлекет



мықты өңірлерден, ең алдымен ауылдан басталады.

Екінші болып сөз алған «Байтақ» партиясының атынан саяси кеңес мүшесі Нұрғұл Қадырбаева партияның негізгі ұстанымын жеткізді. Ол өз сөзінде экология мәселесіне басымдық беріп, Арал өңірінің бүгінгі ахуалына ерекше тоқталды. Сонымен бірге ол адам капиталын дамыту, рухани құндылықтарды нығайту және өскелең ұрпақ тәрбиесіне баса мән беру қажеттігін негізге алды.

Ал «Әділет» партиясы басқарушылар тобы мен саяси кеңесінің мүшесі Ренат Бектұров адам капиталының сапасын арттыру елдің тұрақты дамуының не-

гізгі факторы екенін айтты. Оның сөзінше, білімді қоғам ғана қуатты мемлекет қалыптастыра алады. Осыған байланысты партия алдағы бес жылда мектептерде 300 мың, ал балабақшаларда 79 мың жаңа орын ашуды жоспарлап отырғанын жеткізді. Сондай-ақ Ренат Бектұров шетелде білім алып келген қазақстандық жастарға қолдау көрсетіп, олар үшін түрлі жеңілдіктер қарастыру қажеттігін айтып өтті.

Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясының атынан сөз сөйлеген партия төрағасының орынбасары Тазабек Дәкенайұлы партияның басты басымдықтары ретінде жемқорлықпен күресу, бюджет қаржысының ашық-

тығы мен әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету екенін айтты. Оның айтуынша, ауылда да интелленция бар. Олар — мұғалім секілді мамандар. Сондықтан мамандарды қамқорлыққа алу маңызды.

Келесі болып мінберден сөз алған «Ақ жол» демократиялық партиясының саяси кеңес мүшесі Олжас Нұралдинов партияның негізгі ұстанымдары мен сайлауалды бағдарламасын таныстырды. О.Нұралдиновтың айтуынша, Қазақстанның ең басты байлығы — табиғи ресурстар емес, адам капиталы. Сондықтан ұлттық мүддені қорғауға басымдық беру қажет. Шетелдік жер қойнауын пайдаланушылармен

жасалған келісімшарттарды қайта қарап, шағын және орта бизнесті қолдауды, отандық өндірісті, цифрландыру мен жасанды интеллектті дамытуды, сондай-ақ білім беру мен денсаулық сақтау салаларын жетілдіруді ұсынды.

Одан бөлек, Respublica партиясының атынан сөз сөйлеген партияның төңірегінде Екатерина Смолякова елдегі кадр даярлау жүйесі мен еңбек нарығындағы маман тапшылығы мәселесін көтерді. Себебі мамандар тапшылығы — өзекті тақырып. Әсіресе мұндай тапшылық ауылды өңірлерде сезіледі. Оның сөзінше, елімізде 500 мыңнан аса мұғалім, 300 мыңнан аса дәрігер болса да, осы салаларда, әсіресе арнайы педагогикада мамандар тапшы. Мәселе жоғары сапалы мамандардың тапшылығында жатыр. Сонымен қатар ерекше балалармен жұмыс істейтін мамандарды оқыту мәселесінде көтерді. Түйінінде нарықтын сұранысын 5 жыл емес, әр жыл сайын саралап отыру керегін баяндады.

Сондай-ақ ұлттық теледебатқа қатысушылар арасындағы ең жас үміткер, Қазақстан Халық партиясының өкілі Ислам Сұңкар жастардың әлеуетін қолдау елдің ұзақмерзімді дамуының маңызды факторы екенін атап өтті. Айтуынша, жастарға үлкен мүмкіндік беру — Қазақстанның жарқын болашағына жол ашу.

Жеті саяси партия өз сайлауалды бағдарламаларын таныстырған пікірсайыс қорытындысы бойынша өткен онлайн дауыс беруде «Әділет» партиясы 67,1% дауыс жинап, көш бастады. «Ақ жол» партиясы 9,9 пайыз дауыс иеленсе, Қазақстан Халық партиясы 8,2 пайыз дауыс жинады. «Ауыл» партиясы — 5,4%, Respublica партиясы — 4,3%, Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы — 2,2%, «Байтақ» партиясы 2,1% пайыз дауыс иемденді. Ал ешқайсысы ұнамады деген нұсқаны 0,8% дауыс беруші тандаған.

ЕҢБЕК ҰЖЫМДАРЫМЕН ЖҮЗДЕСТІ



«Әділет» партиясының Респуб­ликалық сайлауалды штабы Қазақстан өңірлеріндегі жұмыс сапарын жалғастырды. Ұлытау облысында партия төрағасының орынбасары Қаныш Төлеушин бастаған Құрылтай депутаттығына кандидаттар металургтермен,

дәрігерлермен, спортшылармен, қоғам өкілдерімен және өңір тұрғындарымен бірқатар кездесу өткізді.

Республикалық сайлауалды штабтың мүшесі Қаныш Төлеу­шин өнеркәсіпті дамыту халық­тың өмір сүру сапасын арттыру-

мен қатар жүруге тиіс екенін ес­кертті. Құрылтай депутаттығына кандидат Қарлығаш Жаманқұ­лова өндірісте еңбек ететін әйел­дердің денсаулығын қорғау және олардың әлеуметтік кепілдігін кеңейту партияның сайлауалды бағдарламасында қарастырылған жеткізді.

Одан кейін штаб өкілдері Жезқазған медициналық орталы­ғына барып, дәрігерлермен және медицина қызметкерлерімен кездесті. Республикалық сайлауалды штабтың мүшесі Асхат Аймағамбетов партияның денсаулық сақтау саласындағы ұсыныстарын таныстырды.

Жұмыс сапары «Жігер» спорт кешенінде аяқталды. Кандидаттар бұқаралық спортты дамытуға бағытталған бастамаларын айтты.

ӨҢІРЛІК МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ



Қызылорда облыстық филиалының ұйымдастыруымен Шиелі ауданында «Прогресс жолындағы 20 белес» атты Жалпыұлттық социал-демократиялық партияның сайлауалды бағдарламасын

кеңінен таныстыруға арналған ашық кездесу өтті.

Аталған іс-шараға ауданның әлеуметтік сала өкілдері, жастар, ардагерлер, партия белсенділері мен жактастары қатысып, ел да-

муынын өзекті бағыттары мен өңірлік мәселелер жан-жақты талқыланды.

Жиын барысында ЖСДП Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Ерғазы Алпысбайұлы сөз сөйлеп, партияның басты ұс­танымы – әлеуметтік әділеттілік, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау екенін айтты.

Кездесу еркін форматта өтіп, қатысушылар өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, ұсыныс-пікірлерін ашық білдірді.

Іс-шара соңында естелік суретке түсті. Алдағы уақытта халықпен тұрақты байланыс орна­тып, азаматтардың ұсыныстарын, бастамаларын партия қызметінің негізгі бағыты ретінде жалғас­тыратынын жеткізді.

ҚОЛЖЕТІМДІ ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚАЖЕТ

«Байтақ» жасылдар партиясының өкілдері Қаскелең қаласындағы Rakhym Centre балаларды қолдау орталығына барды. Ерекше балалармен жұмыс істейтін мекемеде республикалық штаб өкілі Индира Сейдомар ата-аналар мен орталық қызметкерлерімен кездесті.

Іс-шара ашық диалог фор­мат­ында өтті. Ерекше күтімді қажет ететін бала тәрбиелеп отырған отбасылардағы өзекті мәселелер талқыланды. Әлеуметтік қолдау тетіктерін жетілдіру, инклюзивті білім беруді дамыту, оналту қызметтерінің қолжетімділігін арттыру, ерекше балалардың құқығын қорғау мен олардың өмір сүру



сапасын жақсарту туралы айтылды.

Тараптар ерекше балалар үшін қолайлы орта қалыптастыру және сапалы біліммен, қажетті қызмет-

терге тең қолжетімділігін қамтамасыз ету бағытында бірлесіп жұмыс істеуге дайын екенін жеткізді. Партия өкілдері көтерілген ұсыныстар алдағы жұмыста ескеріледі делді.

БАҚЫЛАУШЫЛАРДЫҢ МІНДЕТІ МАҢЫЗДЫ



Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюросының (ЕКҮҮ ДИАКБ) бақылаушылар делегациясы миссия бас-

шысы, халықаралық және Еуроодақ істері жөніндегі тәуелсіз кеңесші Виктор Пикеттің жетекшілігімен Қазақстан Халық партиясының елордадағы сайлауалды штабына келді. Мұнда партия

төрағасы Нұрсұлтан Шоқановпен кездесу өтті.

Сайлауға қатысып жатқан саяси партиялардың сайлауалды штабтарына келу – халықаралық бақылаушылар миссиясының міндеті. Барлық саяси партиямен кездесу барысында миссия үгіт-насихат кезеңінде партияларға тең жағдайдың жасалуын, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына қолжетімділік пен сыртқы жарнаманы орналастыру мүмкіндігін объективті бағалайды.

Кездесу барысында Нұрсұлтан Шоқанов халықаралық институттардың еліміздегі саяси үдеріске назар аударуының маңызына тоқталып, бақылаушыларға сындарлы диалог үшін алғыс айтты.

АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕННІҢ ӘЛЕУЕТІ ЗОР

Құрылтай депутаттығына кандидаттардың сайлауалды үгіт-насихат жұмыстары аясында «Ауыл» партиясының төрағасы Қ.Айтуғанов «Асыл түлік» мал шаруашылығындағы асыл тұқымды іс жөніндегі республикалық орталығы» АҚ ұжымымен кездесті.

Кездесуге Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттығына кандидаттар Ш.Байманов, А.Разинков, І.Досхожаев және С.Абдуразакова қатысты.

Партия төрағасы ауыл шаруашылығы саласының елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі, ұлттық дәстүрлерді сақтаудағы және халықтың өмір сүру



сапасын арттырудағы стратегиялық маңызын атап өтті.

«Асыл түлік» орталығының қызметкерлері саланы дамыту, мамандарды және мал шаруашылығына мемлекеттік қолдау көрсету тетіктерін жетілдіру мәселе-

лері бойынша ұсыныс айтып, сұрақтар қойды.

Кездесу соңында Қ.Айтуғанов орталық ұжымына кәсібилігі мен отандық мал шаруашылығын дамытуға қосқан үлесі үшін алғыс білдірді.

ҚҰРЫЛТАЙ

23 тамыз



ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕР!

www.election.gov.kz

ШЕТЕЛДЕ ДАУЫС БЕРУ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Шет мемлекеттердегі Қазақстан Республикасының өкілдіктері жанындағы сайлау учаскелеріндегі сайлаушылар тізімдеріне тиісті шет мемлекетте тұратын немесе ұзақ мерзімді шетелдік іссапарда жүрген және Қазақстан Республикасының жарамды паспорты бар барлық азаматтар енгізіледі.

Шет мемлекеттерге жеке шақыру бойынша, қызметтік, іскерлік және туристік сапарға келген Қазақстан Республикасының азаматтары учаскелік сайлау комиссиясына жүгінген жағдайда және оларда Қазақстан Республикасы азаматының жарамды паспорты болған кезде сайлаушылар тізімдеріне енгізіледі.

Егер тізімге енгізілген сайлаушылардың бәрі дауыс беріп болса, дауыс беру кез келген уақытта аяқталды деп жариялануы мүмкін.

Қазақстан Республикасының шет мемлекеттердегі өкілдіктері жанындағы сайлау учаскелерінің тізімі Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің және Орталық сайлау комиссиясының интернет-ресурстарында қолжетімді.

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы

МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Ақтөбе облысына жұмыс сапары аясында «Ақ жол» партиясының төрағасы Дания Еспаева және партияның үгіт-насихат тобы «Дару» клиникасында болды.

Медициналық мекеме басшылығы қонақтарды клиниканың қызметімен, халыққа медициналық көмек көрсету жұмысын ұйымдастыру барысымен таныстырды.

Кездесуде Дания Еспаева «Ақ жол» демократиялық партиясының сайлауалды бағдарламасының денсаулық сақтау саласын дамытуға, медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға, сондай-ақ медицина қызметкерлерінің құқықтары мен мүдделерін қорғауға қатысты негізгі бағыттарын таныстырды.



Ашық диалог форматында медицина қызметкерлері партия өкілдерімен саланың өзекті мәселелерін, мамандардың еңбек жағдайы мен медициналық көмектің қолжетімділігін талқылады. Дания

Еспаева кездесуге қатысушылардың сауалдарына жауап берді.

Кездесу соңында клиника ұжымы «Ақ жол» демократиялық партиясының өкілдеріне алғыс білдірді.

КАНДИДАТТАР ПАВЛОДАРҒА БАРДЫ

Павлодар облысында Республика партиясының Құрылтай депутаттығына кандидаттар еліміздегі ірі энергетикалық кәсіпорындардың бірі – «Еуразиялық энергетикалық корпорация» АҚ ұжымымен кездесті. Кездесуде салық саясаты, монокалаларды дамыту, уақыт белдеуі, еңбекке акы төлеу, кадр тапшылығы және өндірістегі еңбек жағдайлары секілді мәселелер талқыланды.

Партия төрағасының орынбасары Олжас Құсепов Республика нақты экономиканың өкілдерін – кәсіпкерлерді, өнеркәсіпшілерді, дәрігерлерді, мұғалімдерді және аграршыларды біріктіретін партия екеніне тоқталды.

Ал партияның Павлодар облыстық филиалының төрағасы



Махамбет Амангелді өңірдегі нақты нәтижелерге тоқталды. Оның айтуынша, филиал құрылғаннан бері тұрғындардың ондаған мәселесі мемлекеттік органдармен бірлесіп шешілген.

Кездесу соңында партия өкілдері энергетиктердің сұрақтарына жауап беріп, өндіріс қызметкерлері көтерген ұсыныстар Құрылтайдағы болашақ заңнамалық жұмыстың негізіне айналатынын айтты.

НАРЫҚ

30 ШІЛДЕ 2026 | БЕЙСЕНБІ

Еліміз дәнді дақылдарды диірменде тартып өңдеу және экспорттау жөнінен жаһандық көшбасшылығын қайтарып алды. Қазақ ұны бүгінде тіпті әлемнің қаржылық астанасы – Нью-Йорк дүкендерінде сатылады. Бұл жетістікке жету үшін кейінгі жылдары тоқтаусыз күрес жүргізілді. Соның ішінде «экспорттық өрісі» қатты тарылып, бар назарын іргедегі Орталық Азияға аударған Ресейдің бұл алып нарықтан Қазақстанды толық ығыстырып шығаруына мүмкіндік берілмеді. Ел алдында тағы қандай міндеттер тұр?

Айхан ШӘРІП

Аграршылар алдындағы қазіргі межелі мұрат — Қытай нарығын жаулау болмақ. Әзірге, 2024 жылдан бері шың елі бізден малазық ететін ұнды сатып алып жүр. Ал адам тұтынатын ұнды төл қытайлық диірмендер өндіреді. Әйткенмен, Қазақстан бұл нарыққа да құлаш ұрды. Азық-түлік келісімшарт корпорациясының көмегімен Қытайға ұн тиелген контейнерлік пойыз жөнелтілді. Партия көлемі 12,3 мың тоннаны құрады. Өнімді жеткізуші «Қапшағай бидай өнімдері» ЖШС, импорттаушысы — Shandong Hi-speed Qilu International Land Port Development Co.

Жөнелту Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі делегациясының Бейжіңге сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды дамыту шеңберінде жүзеге асырылды. Бұдан бұрынырақта, 2025 жылдың қазан айында Азық-түлік келісімшарт корпорациясы Shandong Hi-speed Qilu компаниясымен Қазақстаннан Қытайға дәнді, жем-шөп және майлы дақылдарды экспорттау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойған еді. Бұл келісімшарт шеңберінде биыл бұл қытайлық тапсырыс берушіге 35,4 мың тонна ұн жеткізу жоспарланған. Қытай нарығы соңғы екі жылда елімізде өндірілген жемдік ұнға тұрақты сұраныс танытып отыр. Бұған жауап ретінде отандық АӨК жеткізу көлемін барынша ұлғайтты. 2025 жылдың қорытындысы бойынша көрші елге мал азықтық ұн экспорты 2,9 млн тоннадан асты. Бұл 2024 жылдың көрсеткіштерінен 2,4 есе көп! Салыстырғанда, бүгінде алпауыт Ресейдің ұн экспорты осынша ғана.

Қазақстан мұнымен тоқтап қалмайды. Жақында Қазақстан көшбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Шанхай қаласына сапары кезінде осы саладағы жергілікті жетекші компаниялар басшыларымен арнайы жүздесіп, астық өнімдерін өткізу көлемін арттырудың қамын жасады. Мемлекет басшысы AgriTech, ЖИ және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мүмкіндіктерге ерекше тоқталды.

— Қазір бүкіл әлем аграрлық салада үлкен өзгерістерді бастан өткеріп жатыр. Қазақстан екі жыл қатарынан 27 миллион тонна астық жинады. Бұл — рекордтық көрсеткіш. Мұның бәрі — заманауи технологияның және тиімді басқарудың нәтижесі. Жалпы, біз ауыл шаруашылығын цифрландыру жұмысын қарқынды жүргізіп келеміз. Әсіресе дрондарды, спутник арқылы шолу тәсілін, дәлдігі жоғары егіншілік технологияларын кеңінен енгізіп жатырмыз. Елде 200-ден астам агроөнеркәсіп «ақылды ферма» қаридатымен жұмыс істейді. Тағы 650-ден астам шаруашылық цифрлық шешімдерді кезең-кезеңімен енгізеді, — деді Қ.Тоқаев.

Сонымен қатар республика ұлттық цифрлық қалағалау жүйесін әзірлеп жатыр. Бұл жүйе ауыл шаруашылығы өнімдерінің егістіктен бастап тұтынуына дейінгі жолын толық қадағалауға мүмкіндік береді.

Мақсаты — ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемін арттыру, сондай-ақ қосылған құны жоғары тамақ өнеркәсібін дамыту.

— Біз сол арқылы Қазақстанды Орталық Азиядағы жетекші AgriTech хабы ретінде дамытуды көздеп отырмыз. Бұл мақсатқа жетудің төте жолы — ЖИ, роботтандыру және Industry 4.0 технологиясын енгізу. Сапаны бақылаудың зияткерлік жүйелері, автоматтандырылған өндіріс желілері және цифрлық негізде біріктірілген жеткізу тізбектері енбек өнімділігін арттырып, халықаралық стандарттарға сай жұмыс істеуге жол ашады. Бұдан бөлек, біз өнімді сақтаудың озық инфрақұрылымын дамытып жатырмыз. Заманауи логистика орталықтары, автоматтандырылған және тоназытқышпен жабдықталған қоймалар бар. Бұл іске қытай компанияларын белсенді қатысуға шақырамыз! — деді Президент.

ҚАЗАҚСТАН КӨШБАСШЫЛЫҒЫ:

ҚАЗАҚ ҰНЫ
НЬЮ-ЙОРККЕ ЖЕТТІ

Сонымен, Қазақстан әлемдік ұн экспорты бойынша қайтадан бірінші орынға көтерілді. Ауыл шаруашылығы министрлігінің хабарлауынша, Қазақстан былтыр астық пен ұн экспортын 60%-ға күрт арттырды. Ресми дерегіне жүгінсек, былтырғы қазанда аяқталған 2024-2025 маркетингтік маусымының қорытындысында астық пен ұнның астық баламасындағы жиынтықты экспорты 15,3 миллион тоннаны құрады. Ағымдағы сауда жылында жана астық пен ұнды жеткізудің жалпы көлемі 8,5 миллион тоннадан асып үлгерді. Бұл былтырғыдан 14 пайызға жоғары.

— Еліміз әлемдік ұн нарығында жетекші орынға ие. Адам азық ететін ұнның өндіріс көлемі 3 миллион тоннадан асты, ал экспорт көлемі былтыр 1,8 миллион тоннаға жетіп, 2024 жылмен салыстырғанда 1,2 пайызға өсті. Ұнның негізгі өткізу нарықтары — Орталық Азия елдері, Ауғанстан, Ресей және Қытай. Мемлекет экспорттық бастамаларды қолдауға айрықша назар аударады. Осы мақсатта экспорттаушылардың жол шығыны өтеледі, — деп түсіндірді АШМ мамандары.

Астықты сыртқа тасымалдау шығындарын өтеу тетігінің мерзімі 2026 жылғы 1 қыркүйекке дейін ұзартылды. Бұл жеткізілім көлемінің қарқынын сақтауға және отандық өнімнің халықаралық нарықтағы орнын нығайтуға мүмкіндік береді. Бүгінде Қазақстанның ауыл шаруашылығы өнімдері азды-көпті көлемде әлемнің 72-ден астам еліне жеткізіледі.

Мәселен, тасымалды демеуді пайдаланып, 2026 жылғы наурыздан бері қостанайлық егіншілер Атлант мұхитының ар жағындағы Нью-Йоркке 24 тонна ұн экспорттады. Мемлекеттік KTZ Express компаниясы Транскаспий халықаралық көлік бағыты инфрақұрылымын пайдаланып, Қостанай — Нью-Йорк бағытымен қазақ бидайының ұнын жеткізудің жана жөнелтілімдерін ұйымдастырып жатыр.



Еллар ҚАБА (Kobayashi)

ҰН ЭКСПОРТЫ ҚАЙТА ҮДЕДІ

Жүк тасымалы теміржол және теңіз көліктерін кезектестіре қолдану арқылы көптүрлі, мультимодальды контейнерлік форматта жүзеге асырылады. Жалпы транзит уақыты 58 күнді құрайды. KTZ Express компаниясының мәліметінше, жүк жөнелтілген сәттен бастап соңғы жеткізу нүктесіне дейін толық бақылауда болады. Бұл тасымал тізбегінің сенімділігі мен ашықтығын арттырады.

Болжамға сәйкес, биылғы маусым қорытындысында еліміз сыртқы нарыққа шамамен 2 млн тонна азық-түлік ұнын және 3 млн тонна жемдік ұнды экспорттамақ. Бұған қоса, ішкі нарық үшін де қомақты көлемде ұн өндіріледі. Осынша өнім шығару үшін шамамен 7,5 млн тонна бидай қайта өңделеді. Бұл — Қазақстанда жиналатын астықтың жартысына жуық көлемі! АШМ мамандарының айтуынша, әлемде астық экспорттайтын мемлекеттердің ешқайсысы мұндай нәтижеге қол жеткізіп отырған жоқ. Мәселен, бидай экспорттаушы алғашқы ондықтағы елдердің ішінде өңделген өнімнің жалпы астық баламасындағы ең жоғары үлесі Аргентинада — 5%, Аустралияда небәрі 1%. Қазақстан бұл көрсеткішті 50%-ға жеткізді!

КӨШБАСШЫЛЫҚ ЖОЛЫНДАҒЫ
КИЫНДЫҚТАР

Бір қарағанда, бәрі өзі келгендей көрінуі мүмкін. Қазақ елі ғасыр басында көшбасшы болды, құт тұғырын қайтарып отыр. Алайда кез келген көшбасшылықтың тарихы бар. Оның табысқа жеткізген жолы

да, төлеген құны да болады. Қазақстанның бүгінгі нәтижесі де — бірнеше онжылдыққа созылған экономикалық өзгерістердің, нарықтық қайшылықтардың, сала күйзелісінің, сабақтардың, кейінгі жаңғырудың нәтижесі.

Қазақстандағы ұн тарту өнеркәсібінің қарқынды дамуы өткен ғасырдың 90-жылдары басталды. Әрине, оған мемлекеттік қолдау да, Орталық Азия елдерінің тұрақты сұранысы да әсер етті. Бірақ саланың шын мәніндегі өрлеуіне жол ашқан негізгі фактор — ішкі нарықтағы арзан шикізат болды. Қазақстанның Астық өңдеушілер одағының басшысы Евгений Ганның айтуынша, сол жылдары 1 тонна бидайдың бағасы небәрі 60 доллар тұрса, ұнның сапасына қарай оның құны 200-300 долларға дейін жететін. Яғни ұн тартушылар шикізатты өте арзан сатып алып, қосылған құн есебінен фермерлерге қарағанда бірнеше есе көп табыс табуға мүмкіндік алды.

Мұның нәтижесі ұзақ күттірген жоқ. 90-жылдардың басында Қазақстанда 70-ке жуық диірмен жұмыс істесе, онжылдықтың соңына қарай олардың саны 700-ге жетті. Ұн өндірісі мен экспорты қарқынды өсіп, 2007-2010 жылдары Қазақстан әлемдік ұн экспорты бойынша көшбасшы атанды. Сол кезде бұл көрсеткіш ел экономикасының маңызды жетістігі ретінде бағаланды.

Алайда осы табыстың екінші жағы да болды. Ұн тарту саласының өркендеуі іс жүзінде фермерлердің есебінен жүзеге асты. Нарықта астықтың жалғыз сатып алушысы диірмендер болғандықтан, олар бағаны өзі қалағанша белгілейтін. Шаруалардың өнімін

әділ бағамен сатуға мүмкіндігі болмады. Амалсыздан арзан өткізілген астық ұн тартушылардың дамуына негіз қалап бергенімен, ауыл шаруашылығының өзіне ауыр соққы болып тиді.

Әділ бағаның жоқтығы шаруалардың инвестициялық мүмкіндігін күрт әлсіретті. Соның салдарынан техника паркі 90%-ға дейін тозды, минералдық тыңайтқыштарды қолдану тоқырады, жоғары репродукциялы, сапалы тұқымдардың орнына тауарлық астықтың қалдықтары себіле бастады. Көптеген шаруашылықта тұқымды дәрілтейін жабдық та, күзгі өнімді кептіретін инфрақұрылым да болған жоқ. Бірте-бірте агротехнологияның барлық негізгі талабы бұзылып, оның салдары өнімділікке әсер етті. Соның салдарынан ұн экспортының рекордтары жарияланып жатқан тұста, оны қамтамасыз еткен шикізатты өндірушілердің өздері дамудан қалып қойды.

Жағдай бертінде өзгерді. 2023 жылдың жауынды күзінде Қазақстанда сапасы төмен бидайдың мол көлемі жиналды. Нарықта оған сұраныс болмағандықтан, мындаған тонна астық шаруалардың қоймаларында жатып қалды. Көпшілік үшін бұл шығын мен тығырықтың белгісі болып көрінгенімен, нарыққа икемделе білген өңдеушілер мұның өзінен жана мүмкіндік тапты. Олар төмен сапалы бидайды мал азықтық ұн өндіруге бағыттап, дәл осы өнімге Қытай нарығында тұрақты сұраныс бар екенін дер кезінде бағамдай білді. Соның нәтижесінде қайта өңдеу көлемі үздіксіз өсіп келеді. 2026 жылдың қорытындысында жемдік ұн экспорты 3 млн тоннаға жетеді деген болжам жасалып отыр. Мұндай жетістік республикада тіпті кенес заманында тіркелмепті.

Дәл осы өзгеріс Қазақстанды әлемде астықты ең көп қайта өңдейтін елдердің көш басына шығарды. Ең маңыздысы, бұл жолғы өсім бұрынғыдай бір тараптың ғана пайдасына жұмыс істеген жоқ. Фермерлер бұрын өткізе алмай жүрген сапасы төмен астыққа жана нарық тапты. Ал осы уақыт ішінде аяққа нық тұрған өңдеуші кәсіпорындар шикізат үшін әділ баға төлеуге мүмкіндік алды. Нарық екі тараптың да мүддесін тоғыстыратын тепе-теңдікті өздігінен қалыптастырды.

— Соңғы жылдары Қазақстанның астық саласында дәл осындай сапалық өзгерістер жүріп жатыр. Егер бұрын еліміздің басты экспорттық тауары шикізат күйіндегі астық болса, бүгінде қайта өңделген өнімдердің үлесі барған сайын артып келеді. Бұл бағыт Мемлекет басшысы алға қойған, яғни шикізат экспортынан — жоғары қосылған құны бар өнім экспортына кезең-кезеңімен көшу жөніндегі стратегиялық міндетпен толық үндеседі, — дейді Қазақстанның Астық өңдеушілер одағының мүшесі, Si-pegro Grain ЖШС бақылау кеңесінің мүшесі Жандос Қуанышев.

Мұндай өсім өздігінен пайда болған жоқ. Оның негізінде қайта өңдеу үлесін арттыруға бағытталған дәйекті мемлекеттік саясат жатыр. АШМ қайта өңдеу кәсіпорындарын қанғыртуға, өндірістік қуаттарды кеңейтуге және экспорттық әлеуетті күшейтуге бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді. Өз кезегінде Көлік министрлігі мен Қазақстан темір жолы халықаралық көлік дәліздерін дамыту, шекаралық инфрақұрылымның өткізу қабілетін ұлғайту және нарық қатысушыларымен тұрақты өзара іс-қимыл жасау арқылы экспорттың логистикалық ұстынын қамтамасыз етіп жатыр. Мемлекет пен бизнестің осындай үйлесімді ықпалдастығы Президент жүктеген стратегиялық міндеттің — агроөнеркәсіп кешені экспортындағы қайта өңделген өнімнің үлесін 70%-ға дейін жеткізудің нақты алғышарттарын қалыптастырып отыр.

КӨЛІК КӨБЕЙДІ, ЕНДІ САПА СЫНАЛАДЫ

Қазақстанда жаңа автокөлікке деген қызығушылық әлі де жоғары. Биылғы алғашқы алты айда елде 105,8 мыңнан астам жеңіл және коммерциялық көлік сатылды. Бұл — былтырғы жылдың рекордтық көрсеткішіне өте жақын нәтиже. Енді автокомпаниялар сатылым көлемінен гөрі сатып алушының сенімі үшін бәсекеге түсіп жатыр.

АКәмила ДҮЙСЕН

Тек маусым айының өзінде ресми дилерлер 21,8 мыңнан астам жаңа көлік өткізген. Яғни бір жыл бұрынғы көрсеткіштен 12,5 пайызға көп. Бұл сатып алушылардың енді бағаға ғана емес, сапа мен технологияға да мән бере бастағанын көрсетеді.

«Қазақстанның автокөлік нарығы әлеуетін әлі де арттырып келеді. Жалпы сатылым көлемі айтарлықтай өзгермегенімен, нарықтың ішінде маңызды өзгерістер жүріп жатыр. Бәсекелестік күшейіп келеді, ал сатып алушылар бағаға ғана емес, технологияға, қауіпсіздікке және сервистің сапасына да көбірек мән бере бастады. Бүгінде нарықтың көлемінен бұрын компаниялардың клиент сұранысына қаншалықты тез бейімделе алатыны маңызды болып отыр», — дейді «Қазақстанның Автокөлік одағының» президенті Анар Макашева.

Бұл үрдіс автонарықтан жаңа кезеңге өткенін аңғартады. Сондықтан өндірушілер енді баға ғана емес, сервис пен қосымша қызмет арқылы да бәсекелесуге көмбур.

Сұраныстың сақталуы өндіріс көлеміне де әсер етті. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2026 жылдың қантар-маусым айларында Қазақстан кәсіпорындары 96 089 автокөлік пен түрлі техника шығарған. Бұл былтырғы жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 34,4 пайызға көп. Ал өндірілген өнімнің жалпы құны 1,15 триллион тенгеге жетті.

Жарты жылдың ішінде 88,8 мың жеңіл автомобиль, 3,4 мың жүк көлігі, 1,4 мыңнан астам автобус, сондай-ақ арнайы техника мен тіркемелер өндірілді. Бұл — өндіріс көлемінің тұрақты өсіп келе жатқанының көрінісі.

«2026 жылдың алғашқы жартыжылдығы отандық автокөлік өндірісінің тұрақты дамып келе жатқанын тағы бір мәрте дәлелдеді. Жаңа өндіріс алаңдарының іске қосылуы, модельдер қатарының көбеюі және жергілікті құрам үлесінің артуы саланың дамуына серпін беріп отыр. Қазақстандық зауыттар ішкі нарықтағы орнын нығайтып қана қоймай, экспорттық әлеуетін де біртіндеп күшейтіп келеді», — дейді Анар Макашева.

Бүгінде автокөлік жасау Қазақстандағы бүкіл машина жасау саласының 41,4 пайызын құрайды. Яғни елде өндірілетін машина жасау өнімдерінің әрбір екіншісіне жуығы автокөлік өндірісіне тиесілі.

КӨШ БАСТАП ТҰРҒАН ҚАЙ КӨЛІК?

Қазақстандағы автонарықтағы бәсеке бұрынғыдан да қыза түсті. Биылғы жарты-жылдықтың қорытындысы бойынша ең көп өндірілген бренд — Hyundai. Қазақстандық зауыттарда осы марканың 19,5 мың көлігі шығарылды. Екінші орында — Chevrolet (17,9 мың), үшінші орында — Kia (11,7 мың автомобиль).

Сонымен қатар қытайлық брендтердің ықпалы айқын сезіле бастады. Changan, Chery, Haval, Jetour және Geely секілді маркалар алғашқы ондыққа еніп, нарықтағы

үлесін жылдан-жылға ұлғайтып келеді. Бұл сатып алушылар үшін таңдау аясын кеңейтсе, өндірушілер үшін баға, сапа және технология бойынша бәсекені күшейте түседі.

Өндіріс көлемі бойынша да көшбасшылар анық қалыптасты. Қостанайдағы Allurg зауыты алты айда 34,5 мыңнан астам көлік шығарып, жалпы өндірістің үштен бірінен астамын қамтамасыз етті. Одан кейін Astana Motors Manufacturing Kazakhstan, Hyundai Trans Kazakhstan және Kia Qazaqstan орналасқан.

Сарапшылардың айтуынша, қазір автонарықтағы басты өзгеріс — сатылған көліктің саны ғана емес, тұтынушының талғамы мен өндірістің сапалық деңгейінің өзгеруі. Демек, алдағы жылдары Қазақстандағы автокөлік нарығында жеңімпазды ең арзан баға емес, ең тиімді ұсыныс анықтайтын кезең басталып келеді.

КӨЛІК ҚҰРАСТЫРУДАН ТОЛЫҚ
ӨНДІРІСКЕ ДЕЙІН

Қазақстандағы автопромның бүгінгі жетістігі тек шығарылған көліктің санымен өлшенбейді. Сарапшылар енді саланың жаңа кезеңіне — жергілікті өндірісті тереңдетуге назар аударып отыр. Себебі автомобильдің негізгі бөлшектері ел ішінде өндірілген сайын импортқа тәуелділік азайып, қосалқы бөлшектердің қолжетімділігі артады, ал сервистік қызмет көрсету жүйесі де күшейе түседі.

Қазір бұл бағытта нақты қадамдар жасалып жатыр. Қостанай облысында жылына 60 мың автокомпонент жиынтығын шығаратын жана локализация орталығы салынууда. Алматыда мультимедиа жүйелері, орындықтар, ауа баптау жүйелері, сөндіргіштер, электр сымдары мен басқа да бөлшектерді өндіретін компоненттік кластер қалыптасып келеді. Сонымен қатар автобустар өндірісінде де жергілікті құрам үлесі біртіндеп өсіп



жатыр. Мәселен, QazTehna зауыты қазақстандық болаттан штамптау өндірісін іске қосып, аккумуляторлар мен шиналарды жергіліктендіру жұмыстарын бастап кеткен. «Автопромның келесі даму кезеңі өндірілген көліктің санымен емес, оның ішінде Қазақстанда жасалған бөлшектерді үлесімен бағаланатын болады. Бүгінде кәсіпорындар орындақтардан бастап мультимедиа жүйелеріне дейін ондаған компонентті өздері шығаруға кірісті. Бұл импортқа тәуелділікті азайтып, жеткізу тізбегін тұрақты етеді. Сонымен қатар жергілікті жеткізушілердің көбеюі жана жұмыс орындарын ашып, шағын және орта бизнестің өндіріс саласына келуіне мүмкіндік береді. Локализация деңгейі артқан сайын қазақстандық автозауыттардың бәсекеге қабілеттілігі де күшейе түседі. Ұзақ мерзімде бұл ішкі нарықтың ғана емес, экспорттық бағытында да дамуына негіз қалайды», — деп есептейді Ranking.kz сарапшылары.

ЕРТЕҢГІ АВТОНАРЫҚ ҚАНДАЙ
БОЛАДЫ?

Әлемдік автонарық электр көліктері, шифрлық технологиялар және жүргізушісіз жүйелер дәуіріне қадам басып жатыр. Қазақстандағы кәсіпорындар да бұл өзгерістерден шет қалып отырған жоқ. Зауыттарда интеллектуалды бейнебақылау, сапаны автоматты тексеру, цифрлық өндіріс модельдері сияқты шешімдер енгізілуде. Сонымен қатар жана жүк көліктері мен электр техникасын шығару жобалары қолға алынып, жоғары жылдамдықты қуаттау инфрақұрылымын дамыту жұмыстары басталды.

Бұл өзгерістің барлығы қарапайым жүргізуші үшін де маңызды. Себебі технологиялық өндіріс дамыған сайын жана модельдер тезірек қолжетімді болады, сервистің сапасы артады, ал қосалқы бөлшектерді күту уақыты қысқарады.



ҚАЛДЫҚ ӨҢДЕЙТІН КЕШЕН ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ



Қалдықты басқару жүйесін жаңғырту, қоршаған ортаны қорғау және заманауи экологиялық технологияларды енгізу бағытында Шымкентте маңызды жоба қолға алынды. Үшінші мегаполисте қатты тұрмыстық қалдықтарды термиялық әдіспен өңдеп, электр энергиясын өндіретін заманауи кешеннің құрылысы басталды. Жобаның іргетасын қалауға арналған капсула салу рәсіміне Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбеков пен Shaanxi Construction Engineering Kazakhstan Co., Ltd компаниясының басшылығы қатысты.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

Бұл жоба Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіру, экологиялық инфрақұрылымды жаңғырту және қоршаған ортаны қорғауға бағытталған заманауи технологияларды кеңінен енгізу жөніндегі тапсырмаларын іске асырудың нақты көрінісі саналады. Сонымен қатар бастама елімізде экологиялық мәдениетті қалыптастыруға және елді мекендердің тазалығын қамтамасыз етуге бағытталған республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясының мақсат-міндеттерімен де үндеседі. Бүгінде қалдықтарды тиімді басқару мәселесі әлемнің көптеген елі үшін маңызды стратегиялық міндеттердің біріне айналып отыр. Халық санының өсуі, урбандалу үдерісінің күшеюі және тұрмыстық тұтыну көлемінің артуы қалдықтардың көлемін ұлғайтып, оларды қауіпсіз әрі тиімді кәдеге жарату қажеттігін алға шығаруда. Осы тұрғыдан алғанда, Шымкентте қолға алынған жаңа кешен қаланың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етумен қатар, қалдықтарды басқарудың жаңа моделін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жобалық қуатына сәйкес, заманауи кешен тәулігіне шамамен 1000 тонна қатты тұрмыстық қалдықты термиялық жолмен өңдеуге қауқарлы болады. Өңдеу барысында 24 МВт- сағатқа дейін электр энергиясын өндіру көзделіп отыр. Бұл қалдықтарды тек кәдеге жарату мәселесін шешіп қана қоймай, оларды қосымша энергетикалық ресурс ретінде пайдалануға мүмкіндік береді. Жобаға тартылатын тікелей инвестиция көлемі шамамен 54 млрд теңгегі құрайды. Құрылыс жұмыстары 2026-2028 жылдар аралығында жүргізіледі деп жоспарлануда. Нысан толық іске қосылғаннан кейін кемінде 80 тұрақты жұмыс орны ашылады деп күтілуде. Осылайша, жоба өнімді инвестициялық әлеуетін арттырып қана қоймай, жаңа жұмыс орындарын ашуға және қала экономикасына қосымша серпін беруге ықпал етеді.

Кешеннің іске қосылуы Шымкент қаласындағы қалдықтарды басқару жүйесін сапалы жаңа деңгейге көтеруге

мол тәжірибесі бар Shaanxi Construction Engineering компаниясымен бірлескен жобаларды жүзеге асыру мүмкіндіктері талқыланды. Нәтижесінде, тараптар ынтымақтастық орнатуға уағдаласып, нақты жобаны іске асыруға бағытталған жұмыстар басталды. Шымкент қаласының әкімдігі мен компания арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылған. Бұдан бөлек, Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі мен инвестор арасында инвестициялық келісім жасалды. Бұл құжаттар жобаны жүзеге асырудың құқықтық және институционалдық негізін қалыптастырып, инвестициялық серіктестікті жаңа деңгейге көтерді.

Жалпы, Шымкентте іске асырылып жатқан бұл жоба еліміздегі экологиялық инфрақұрылымды жаңғырту бағытындағы маңызды бастамалардың бірі болмақ. Оның ерекшелігі бір мезетте бірнеше мәселені шешуге бағытталғанында. Біріншіден, қатты тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жарату көлемі арттады. Екіншіден, қалдықтарды полигондарға көму деңгейі төмендейді. Үшіншіден, электр энергиясын өндіру арқылы қалдықтан экономикалық құндылық қалыптастыруға мүмкіндік туады. Төртіншіден, жаңа технологиялар мен инвестициялар тартылып, тұрақты жұмыс орындары ашылады.

Жоба Қазақстанның «жасыл экономикаға» көшу бағытымен де сабақтас. Қалдықтарды басқарудың заманауи жүйесін қалыптастыру – экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етудің маңызды элементі. Осы ретте Шымкентте іске қосылатын кешен қаланың ғана емес, жалпы еліміздің қалдықтарды басқару саласындағы тәжірибесін жетілдіруге ықпал ететін нысанға айналуы мүмкін. Капсула салу рәсімінде Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбеков бұл бастаманың қала үшін маңыздылығына тоқталды.

«Бүгін біз Шымкенттің маңызды экологиялық жобаларының бірінің негізін қалап отырмыз. Бұл кешеннің

Жоба Қазақстанның «жасыл экономикаға» көшу бағытымен де сабақтас. Қалдықтарды басқарудың заманауи жүйесін қалыптастыру – экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етудің маңызды элементі.

Мамандардың пікірінше, мұндай кешендердің іске қосылуы қалдықтарды басқару саласындағы инфрақұрылымдық мәселелерді шешумен қатар, қала тұрғындарының экологиялық қауіпсіздігін арттыруға мүмкіндік береді. Өйткені заманауи технологиялар арқылы қалдықтарды бақылаусыз жинау мен көму көлемін азайтып, қоршаған ортаға кері әсерді төмендетуге болады.

Жобаның жүзеге асуы – Шымкенттің халықаралық ынтымақтастық пен инвестиция тарту бағытындағы жүйелі жұмысының нәтижесі. Атап айтқанда, 2024 жылы Шымкент пен Қытай Халық Республикасының Биік қаласы арасындағы бауырластық байланыстарды дамыту аясында бірқатар маңызды келіссөздер жүргізілген. Сол кезеңде қала әкімі бастаған делегация өндірістік нысандарды аралап, әлеуетті инвесторлармен кездесулер өткізді. Келіссөздерге Қазақстан Республикасының Сиань қаласындағы Бас консулы Жошыхан Қыраубаев та қатысты. Осы кездесулер барысында қалдықтарды өңдеу және экологиялық инфрақұрылым саласында

іске асуы қалдықтарды басқару жүйесін жаңа деңгейге көтеруге, заманауи қайта өңдеу технологияларын енгізуге және қаладағы экологиялық ахуалды жақсартуға мүмкіндік береді. Серіктестеріміз бен инвесторларымызға сенімі мен бірлескен еңбегі үшін алғысымды білдіремін», – деді қала әкімі.

Шымкенттің халқы мен экономикалық әлеуеті жыл санап артып келеді. Үшінші мегаполистің қарқынды дамуы қалалық инфрақұрылымға, оның ішінде экологиялық жүйеге қойылатын талаптарды да күшейтуде. Сондықтан қалдықтарды басқарудың тиімді әрі заманауи моделін қалыптастыру – шаһардың орнықты дамуының негізгі бағыттарының бірі. Алдағы жылдары жаңа кешеннің іске қосылуы Шымкенттің экологиялық инфрақұрылымын жаңғыртуға тын серпін беріп, қалдықтарды басқару саласындағы жүйелі өзгерістердің берік негізін қалыптастырады деп күтілуде. Бұл – таза әрі қауіпсіз қаланы қалыптастыруға бағытталған нақты қадам ғана емес, келер ұрпаққа қолайлы қоршаған орта қалдыру жолындағы маңызды инвестиция.

СУДЫҢ СҰРАУЫ КҮШЕЙІП КЕЛЕДІ

Биыл жаздағы ыстық күндер адамзат баласына судың қадірін сездіріп тұрған сыңайлы. Бірер күн бұрын Еуропадағы Молдова мемлекеті су тапшылығына байланысты ерекше режим жариялады. Себебі Днестр өзенінің таяздануы елде су тапшылығын туғызған. Ал Қазақстанның жаһандық бастамаларының қатарында Халықаралық су ұйымын құрып, тіршілік нәріні үнемдеу идеясы да бар. Қазірдің өзінде ресми Астананың бұл ұстанымы өзінің өміршеңдігін дәлелдеп отыр.



Еуар Кайа (coltaw)

БҰҰ деректеріне қарағанда, бүгінде дүниежүзінде 2 млрд-тан астам таза ауызсуға толық қол жеткізе алмай отыр. Бұл дегеніңіз – әлем халқының 25%-ы деген сөз. Дегенмен бұл жердегі деректердің бірқатар ерекшелігі бар, яғни статистикада көрсетілген мөлшердегі адам мүлдем сусыз отыр дегенді білдірмейді. Бірақ су сапасына қатысты мәселе бар. Айталық, 106 млн адам суды өзендерден, көлдерден немесе су қоймаларынан тасып ішеді. 302 млн адам құдықтар мен бұлақ суын пайдаланады. 287 млн адам үйіне су әкелу үшін кемі 30 минут жол жүреді. 1,5 млрд адамның үйіне су кіргізілмеген. Яғни санитарлық талаптарға сай болмауы өзекті болып тұр. Салдарынан сапасыз судың кесірінен әлемді күн сайын 5 жасқа толмаған мыңға жуық бала өмірден өтеді. Сонымен қатар жалпы саны 2,4 млрд адам су көздері өте тапшы, «су стресі бар» аймақтарда өмір сүреді. Ал 2050 жылға қарай әлем халқының жартысынан астамы су тапшылығын сезінуі мүмкін.

Бұл жағдай Қазақстанның су мәселесіне назар аударуға шақырған бастамасының құнын арттырып отыр. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ аясында Халықаралық су ұйымын құру бастамасын ұсынды. Сонымен қатар барлық ірі халықаралық жиындарда Каспий, Арал және трансшекаралық өзендер, су мәселесін көтеріп келеді. Мемлекет басшысы су қауіпсіздігін аймақтық, жергілікті экологиялық мәселе ретінде ғана емес, жаһандық катер ретінде бағалайды. БҰҰ жанынан Халықаралық су ұйымын құру арқылы мемлекеттердің су ресурстарын басқарудағы ынтымақтастығын арттыру, климат өзгерісінің зардабын төмендету, суға байланысты туындауы мүмкін қауіптерді алдын алу көзделеді. Сондықтан бұл бастаманы халықаралық сарапшылар өзекті ұсыныс ретінде бағалап отыр.

2024 жылы Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Франция Президенті Эммануэль Макронның бірлескен бастамасы нәтижесінде One Water Summit жиыны өткен еді. Биыл желтоқсанда Абу-Дабиде UN Water conference-2026 деп аталатын басқосу өтеді. Мұндай іс-шаралардың барлығы су тапшылығының алдын алуды, суды үнемдеуді көздейді. Өйткені суға қатысты мәселелер күрделене түссе, зардап шегу ықтималдығы бар мемлекеттердің қатарына Қазақстан да кіреді. Еліміздегі өзендердің шамамен 60%-ы шетелдерден келеді. Ауызсу ғана емес, ауыл шаруашылығына қажет су тапшылығы да күн өткен сайын күшейе беруі мүмкін. Сондықтан адамзат мұндай жағымсыз құбылыстың зардабын

төмендетуге қазірден бастап көңіл бөлуі керек. Қазақстанның жаһандық деңгейде бастама көтеріп, су үшін шырылдауының мәні осында.

Әлбетте, бұл жерде Қазақстан тек ұсыныс айтып қана қойған жоқ. Ел ішінде де суды үнемдеуге көңіл бөліп жатыр. Ресми мәліметтерге қарағанда, еліміздегі судың 60%-дан астамын ауыл шаруашылығы саласы тұтынады. Сондықтан ең алдымен

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ аясында Халықаралық су ұйымын құру бастамасын ұсынды. Сонымен қатар барлық ірі халықаралық жиындарда Каспий, Арал және трансшекаралық өзендер, су мәселесін көтеріп келеді.

агротекторда суды үнемдеу дағдысы қалыптасуы керек. Мемлекет су үнемдеу технологияларын енгізген фермерлер шығынының 80%-ын субсидия арқылы өтеуге бел буып отыр. Мұндай жүйе орнатқан шаруалардың суға төлейтін тарифіне субсидия көлемі 85%-ға жеткізілді. Су үнемдейтін технология қолданылатын алқаптар көлемін 2030 жылға қарай 1,3 миллион гектарға жеткізуді жоспарлап отыр. Бұл дегеніңіз жылына 2,2 млрд текше метр суды үнемдеуге мүмкіндік береді. Жаңа Су кодексіне сәйкес өндірістердің суды қайта пайдалану тетігі де қалыптастырылды. Сала цифрландырылып жатыр. Яғни Қазақстан жаһан жұртын су үнемдеуге шақыруды өз ісімен де бекемдеп отыр. Сондықтан суды үнемдеуге бағытталған жаһандық бастаманы қолдайтын, іске асыруға ұмтылатын мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың да қарасы аз болмайды деген үміт бар. Адамзат судың қадірін күн өткен сайын жете түсіне берері сөзсіз.

ДАМУ

30 ШІЛДЕ 2026 | БЕЙСЕНБІ

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ САЯСАТ: ЭКОНОМИКАЛЫҚ КЕЗЕҢНІҢ НЕГІЗІ ҚАЛАНАДЫ



Қазақстан жаһандық капитал үшін бәсекелестік барған сайын күшейіп келе жатқан жаңа кезеңге қадам басты. Бүгінде халықаралық компаниялардың инвестициялық шешімі табиғи ресурстардың қолжетімділігімен ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік институттардың тиімділігіне, инфрақұрылымның сапасына және инвестициялық жобаларды сүйемелдеу деңгейіне де тікелей тәуелді. Мемлекет басшысы, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың экономиканың басым секторларына сапалы шетелдік инвестициялар тарту жөніндегі тапсырмасын іске асыру мақсатында «KAZAKH INVEST» ҰҚ» АҚ инвесторлармен жұмыс істеу және инвестициялық жобаларды алғашқы келіссөздерден бастап толық іске қосылғанға дейін кешенді сүйемелдеуді қамтамасыз ететін ұлттық оператор қызметін атқарады.

Осы жүйелі жұмыстың нәтижесінде Қазақстан Орталық Азиядағы жетекші инвестициялық хабқа айналды. Бүгінде өңірге тартылған тікелей шетелдік инвестициялардың жинақталған көлемінің шамамен 70%-ы Қазақстанның үлесіне тиесілі. Біріккен Ұлттар Ұйымының Сауда және даму жөніндегі конференциясының (ЮНКТАД, United Nations Conference on Trade and Development) деректеріне сәйкес, 2025 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан экономикасындағы тікелей шетелдік инвестициялардың жинақталған көлемі 156,4 млрд АҚШ долларына жетті. Бұл елдің жалпы ішкі өнімінің шамамен 51%-ын құрайды және дамушы елдер арасындағы инвестициялық интеграцияның ең жоғары деңгейлерінің бірі саналады.

Сонымен қатар Қазақстанға тікелей шетелдік инвестициялар ағыны тұрақты деңгейде сақталуда. 2026 жылдың бірінші тоқсанында олардың көлемі 6,3 млрд АҚШ долларын құрап, Қазақстанның Орталық Азиядағы тікелей шетелдік инвестицияларды ең көп тартқан ел ретіндегі мәртебесін тағы бір мәрте растады. Инвестициялар құрылымында шикізаттық емес салалардың үлесі айтарлықтай артты. Атап айтқанда, тамақ өнімдері, сусындар және темекі өнімдері өндірісіне тартылған шетелдік инвестициялар бес есеге жуық өсіп, 405 млн АҚШ долларына жетті. Құрылыс, қойма және көлік-логистика инфрақұрылымына бағытталған инвестициялар көлемі де бес еседен астам ұлғайды. Сауда саласына тартылған инвестициялар 19,2%-ға, мұнай мен газ өндіру саласына салынған инвестициялар 13,8%-ға артты. Дегенмен шешуші мәнге инвестициялардың көлемі ғана емес, олардың сапалық құрылымы да ие. Ең жоғары өсім қосылған құнды қалыптастыруға және ішкі өндірісті дамытуға бағдарланған салаларда байқалады. Олардың қатарында тамақ өнеркәсібі, логистика, құрылыс, машина жасау, ауыл шаруашылығы және құрылыс материалдарын өндіру бар.

«KAZAKH INVEST» ҰҚ» АҚ Басқарма төрағасы Сұлтанғали Кенжеқұлов атап өткендей: «Инвестициялардың шынайы құндылығы салынған каражат көлемімен емес, олардың ел экономикасының құрылымын қаншалықты өзгерте алатынымен айқындалады. Егер инвестициялар жаңа өндірістерді іске қосып, технологиялар трансферін қамтамасыз етіп, адами капиталдың құзыреттерін дамытып әрі экспорттық әлеуетті күшейтсе, онда олар ұзақмерзімді экономикалық өсудің негізгі қозғаушы күшіне айналады».

ЖАҒАНДЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР: КАПИТАЛҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАП ӨЗГЕРДІ
Біріккен Ұлттар Ұйымының Сауда және даму жөніндегі конференциясының деректеріне сәйкес, 2025 жылы әлемдегі тікелей шетелдік инвестициялар ағыны 14%-ға артқанымен, нақты инвестициялық белсенділік баяулады. Траншекаралық

мәмілелер көлемі 10%-ға, халықаралық жобалық қаржыландыру 16%-ға қысқарды, сондай-ақ жаңа greenfield жобаларының саны да 16%-ға азайды. Дамыған елдерге тартылған инвестициялар көлемі 43%-ға өсті. Ал дамушы мемлекеттерде бұл көрсеткіш жиынтық түрде 2%-ға төмендеді әрі ең аз дамыған елдердің төрттен үшінде инвестициялар көлемі не тоқырауға ұшырады, не қысқарды. Бұл жаһандық капиталдың жай өсіп қана қоймай, барған сайын белгілі бір салалар мен елдерге шоғырланып бара жатқанын көрсетеді. Соның нәтижесінде, өндірістік инвестициялар үшін бәсекелесе алатын мемлекеттердің қатары тарылып, олардың арасындағы бәсеке күшейе түсуде. Бүгінде капитал негізінен деректерді өңдеу орталықтары, жартылай өткізгіштер өндірісі және цифрлық инфрақұрылым сияқты жоғары технологиялық салаларға бағытталуда.

Бұл үрдіс мемлекеттік инвестициялық саясаттың мазмұнына да жаңа талаптар қояды. Капитал мол кезеңде мемлекеттер инвесторларды негізінен салықтық жеңілдіктер, тарифтік саясат және әкімшілік рәсімдердің қолайлылығы арқылы тартуға ұмтылады. Ал капитал талғампаз бола бастаған жағдайда мұндай артықшылықтар маңызды болғанымен, өздігінен жеткіліксіз. Жоғары технологиялық сектордағы инвестор үшін шешуші фактор — қысқа мерзімде қалыптастыру мүмкін емес кешенді артықшылықтар. Олардың қатарында сенімді энергиямен қамтамасыз ету, дамыған инфрақұрылым, тиімді логистика, білікті кадрлар және мемлекеттің болжамды әрі тұрақты саясаты бар.

Сондықтан инвестициялық саясат бүгінде жекелеген салаларды қолдау құралы ғана емес, алдағы онжылдықтарда ұлттық экономиканың құрылымы мен бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын стратегиялық факторға айналып отыр.

МҮМКІНДІКТЕР КЕЗЕҢІ: НЕГЕ ДӘЛ ҚАЗІР?

Әлемдік ауқымдағы бірнеше үдерістің қатар тоғысуы Қазақстан үшін сирек кездесетін мүмкіндіктер кезеңін қалыптастырды. Жаһандық жеткізу тізбектерінің қайта құрылуы және есептеу инфрақұрылымына деген сұраныстың артуы жаңа өндірістерді қай елде орналастыру жөніндегі шешімдер қайта қаралатын кезеңді бастап берді. Оның үстіне мұндай шешімдер шектеулі уақыт аралығында қабылданады. Қазақстанның бәсекелестік артықшылықтары айқын. Еліміз Қытай, Орталық Азия, Кавказ және Еуропа арасындағы маңызды көлік-логистикалық торапта орналасқан. Бірнеше нарыққа қатар өнім жеткізетін өндірістер үшін бұл тасымал шығындарын едәуір қысқартуға мүмкіндік береді. Қазақстанның энергетикалық әлеуеті энергияны көп қажет ететін өндірістік және цифрлық жобаларды орналастыруға қолайлы жағдай жасайды. Ал деректерді өңдеу орталықтары үшін еліміздің климаттық

ерекшеліктері қосымша артықшылық болып саналады, өйткені ол жабдықтарды салқындатуға жұмсалатын шығындарды төмендетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар мемлекет ірі инвестициялық жобаларды сүйемелдеудің тиімді тетіктерін, арнайы экономикалық аймақтардың жеңілдікті режимін және өндірісті жергіліктендіруді қолдау құралдарын ұсынып отыр.

Дәл осы факторлардың үйлесімі — қолайлы географиялық орналасу, қуатты энергетикалық база, деректерді өңдеу орталықтарын дамытуға қолайлы климат және инвестициялық жобаларды кешенді қолдау жүйесі — Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын айтарлықтай күшейтіп отыр.

Мұны шетелдік инвестициялар құрылымы да айқын көрсетеді. Қазақстанға тартылған тікелей шетелдік инвестициялардың үштен екісінен астамы Нидерланд, Ресей, Біріккен Араб Әмірліктері, Қытай, Катар және АҚШ елдерінің үлесіне тиесілі. Сонымен қатар АҚШ-тан тартылған инвестициялар көлемі 485,3 млн АҚШ долларына жетсе, Швейцариядан келген инвестициялар 2,3 есеге, ал Сингапурдан тартылған капитал 70,4%-ға өсті.

ШАНХАЙ КЕЛІСІМДЕР ТОПТАМАСЫ: ЖАҒАНДЫҚ КАПИТАЛ ҚАНДАЙ ЖОБАЛАРҒА БАСЫМДЫҚ БЕРУДЕ?

Мемлекет басшысының Шанхай қаласына жұмыс сапары аясында жалпы құны 15 млрд АҚШ долларынан асатын 88-ден астам коммерциялық құжатқа қол қойылды. Бұл келісімдер жасанды интеллект, цифрландыру, көлік инфрақұрылымы, қаржы, агроөнеркәсіптік кешен, машина жасау және басқа да жоғары технологиялық салаларды қамтиды. Аталған келісімдердің құрылымы бүгінде жаһандық капиталдың Қазақстандағы қай бағыттарды стратегиялық басымдық ретінде қарастыратынын айқын көрсетеді.

Есептеу инфрақұрылымы және жасанды интеллект. Huawei компаниясымен жасалған келісім суперкомпьютерлік кластер құруды, бұлтты технологияларды дамытуды



Қазақстанның бәсекелестік артықшылықтары айқын. Еліміз Қытай, Орталық Азия, Кавказ және Еуропа арасындағы маңызды көлік-логистикалық торапта орналасқан.

және білікті кадрлар даярлауды көздейді. Сонымен қатар «Қазактелеком» АҚ мен Hengton Group Екібастұзда қалыптасып жатқан Деректерді өңдеу орталығы алқабы (ДӨО) кластері үшін оптикалық инфрақұрылым компоненттерін өндіру жобасын іске асырады.

Өндеуші өнеркәсіпті дамыту. Жобалар литий-ионды аккумуляторлар өндірісін жолға қоюды, кремний кластерін қалыптастыруды, металлургия өндірістерін жаңғыртуды, автомобиль өндірісін жергіліктендіруді, ауыл шаруашылығы машинасын жасауды және көмір-химия кешендерін дамытуды қамтиды.

Өндірісті дамытудағы энергетиканың рөлі. Гидроаккумуляциялық электр станциясы, қуаты 1 ГВт-қа дейінгі жел электр станциялары және бу-газ қондырғылары болашақ өнеркәсіптік жобаларды сенімді энергиямен қамтамасыз ететін инфрақұрылымды қалыптастырады.

Көлік және логистика. Құрық портындағы терминал, Ақтаудағы контейнерлік хаф, Қорғас бағытындағы жобалар және Астанадағы LRT желісінің екінші кезеңі елдің көлік-логистикалық әлеуетін күшейтуге ықпал етеді.

Білім беру және ғылыми әлеует. Жоғары оқу орындары мен технологиялық компаниялар арасында жиырмаға жуық келісім жасалды. Олар жасанды интеллект зертханаларын құруды, робототехника саласын дамытуды, қос дипломды білім беру бағдарламаларын енгізуді және академиялық ұтқырлықты кеңейтуді көздейді.

Алдыңғы жылдардағы ынтымақтастық үлгісінен басты айырмашылық айқын байқалады. Бұған дейінгі өзара іс-қимыл негізінен сауда байланыстары мен жекелеген инвестициялық жобаларға бағытталса, бүгінгі келісімдер мазмұны жағынан мүлде жаңа деңгейге көтерілді. Оның өзегінде бірлескен өндірістер құру, технологияларды енгізу, өндірісті жергіліктендіру және ғылыми-білім беру әлеуетін дамыту тұр. Сонымен бірге KAZAKH INVEST компаниясының бағалауынша, қол қойылған келісімдер — инвестициялық үдерістің қорытындысы емес, оның бастамасы ғана. Алдағы кезеңде жобаларды жан-жақты пысықтау, түпкілікті келісімшарттар жасау және өндіріс нысандарын салу жұмыстары жүргізіледі. Сондықтан мәлімделген инвестициялардың нақты өндірістерге айналуы, ең алдымен, осы кезеңдегі жұмыстың сапасына байланысты болады.

ИНВЕСТИЦИЯЛАР ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ: БОЛЖАМДЫЛЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН ТЕТІК

Қазақстанда 2021 жылдан бастап іске қосылған Инвестициялар туралы келісім тетігі ірі стратегиялық жобаларды қолдаудың маңызды құралдарының біріне айналды. Бұл механизм инвестиция көлемі 32 млрд теңгеден асатын жобаларға қолданылады және инвестициялық циклдің барлық кезеңінде инвестор үшін тұрақты әрі болжамды құқықтық жағдайларды қамтамасыз етеді. Әсіресе өтелу мерзімі он жылдан асатын ауқымды жобалар үшін мұндай тұрақтылық қосымша артықшылық қана емес, инвестициялық шешім қабылдаудағы шешуші факторлардың бірі саналады.

Инвестициялар туралы келісімдер санының өсуі бұл тетіктің тиімділігін айқын көрсетеді. Егер 2022-2023 жылдары мұндай келісімдер саусақпен санарлық болса, 2025 жылы олардың саны 30-ға жетті. Бұл инвесторлардың аталған механизмге деген сенімінің артып келе жатқанын аңғартады.

Бүгінде инвестициялар туралы келісімдер фармацевтика, энергетика, металлургия, агроөнеркәсіптік кешен, инфрақұрылым және денсаулық сақтау сияқты стратегиялық

жоғары экономикаға көшуді көздейді. Экономиканы өзгертетін — инвестициядан кейін елде қалатын нақты нәтиже: жаңа өндірістер, технологиялар трансфері, қалыптасқан құзыреттер және экспорттық әлеуеттің нығаюы», — дейді KAZAKH INVEST басшысы Сұлтанғали Кенжеқұлов.

Мәселен, құны бірдей екі инвестициялық жоба ел экономикасына мүлде әртүрлі нәтиже беруді мүмкін. Бұл өндірістік тізбектің қандай бөлігі елімізде орналасатынына, технологиялардың берілуіне, жаңа құзыреттердің қалыптасуына және өндірілген өнімнің экспортқа бағдарлануына байланысты. Сондықтан бүгінде инвестициялық жобаларды бағалауда өндірісті жергіліктендіру, технологиялар трансфері, ғылыми-зерттеу құрамдасы мен кластерлік тиімділік сияқты факторлардың маңызы артып келеді. Кәсіби ортада мұндай инвестициялар «ақылды инвестициялар» деп аталады. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, зәкірлі инвесторлар келген жерде олардың сонынан жабдық өндірушілер, логистикалық операторлар, қаржы институттары мен өндірістік серіктестер де келеді. Бүгінде мұндай үрдіс Қазақстанда да айқын байқала бастады. Осыған сәйкес мемлекеттік инвестициялық саясаттың басымдығы да өзгеріп келеді. Ендігі мақсат — жекелеген кәсіпорындарды тартумен ғана шектелмей, жасанды интеллект пен цифрлық экономика, ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу, жаңа материалдар өндірісі, робототехника және «жасыл» өнеркәсіп бағыттарында тұтас өндірістік экожүйелерді қалыптастыру. Өйткені дәл осындай экожүйелер елдің жаһандық қосылған құн тізбектеріндегі орнын айқындап, экономиканың күрделілік деңгейін арттырады.

Мұндай логика бүгіннің өзінде Fufeng Group, Lihua Group және Dalian Hesheng Holdings компанияларының жобаларында нақты көрініс тауып отыр. Аталған жобалар агроөнеркәсіптік кешен мен шикізатты терең өңдеу салаларында жоғары технологиялық өндірістік кластерлерді қалыптастыруға негіз қалайды.

НИЕТТЕН НӘТИЖЕГЕ ДЕЙІН

Инвестициялық шешім қабылдау мен өндіріс орнының іске қосылуының арасында жобаның табысты жүзеге асуына тікелей әсер ететін маңызды кезең бар. Дәл осы уақытта рұқсат құжаттарын рәсімдеу, жер телімін бөлу, инженерлік инфрақұрылымға қосылу және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл сияқты мәселелер шешіледі. Осындай кезеңде инвестиция тарту жөніндегі ұлттық институттың рөлі ерекше. «KAZAKH INVEST» ҰҚ» АҚ инвесторларға идеядан бастап кәсіпорынды пайдалануға бергенге дейін жан-жақты қолдау көрсетеді. Бұл жұмыс Үкіметпен және өңірлік әкімдіктермен өзара үйлестіруді, әкімшілік кедергілерді жоюды және жоба іске қосылғаннан кейінгі сүйемелдеуді қамтиды.

Биылдың өзінде шетелдік инвесторлардың қатысуымен жалпы құны 3 млрд АҚШ долларынан асатын 45-ке жуық жобаны пайдалануға беру жоспарланып отыр. Оның ішінде 16 жоба іске қосылды. Атап айтқанда, Жамбыл облысында күкірт қышқылы зауыты, Қызылорда облысында жылу электр орталығы және Қарағанды қаласында тау-кен өнеркәсібіне арналған жабдықтарға қызмет көрсететін сервистік орталық пайдалануға берілді.

Сонымен қатар жалпы құны 4,5 млрд АҚШ долларын құрайтын 20 жоба бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары басталды. Олардың қатарында жел электр станциялары мен кабель өнімдерін шығаратын өндіріс орындары бар. Жыл соңына дейін тағы 40-тан астам жоба бойынша құрылыс жұмыстары басталады.

ҚОРЫТЫНДЫ: XXI ҒАСЫР ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ОРЫН ҮШІН КҮРЕС

Жаһандық капитал жоғары технологиялық салаларға және шектеулі санды елдерге шоғырлануда. Қазақстан өз бәсекеге қабілеттілігін инвестициялық келісімдер санынан артуы, инвесторлар құрамынан және географиясының кеңеюі, сондай-ақ шикізаттық емес салалардың даму қарқыны арқылы айқын көрсетіп келеді.

Мемлекет басшысы айқындаған инвестициялық саясат аясында KAZAKH INVEST Қазақстан Республикасының Үкіметімен бірлесіп, дәйекті түрде шешіп келе жатқан басты міндет — тартылатын капитал көлемін барынша ұлғайту ғана емес, оны технологияға, құзыреттерге және жаңа өндірістік тізбектерге айналдыру. Дәл осы факторлар Қазақстан экономикасының келесі даму кезеңінің сипатын айқындайды. Бұл — өз есептеу инфрақұрылымына ие, фармацевтика өндірісі өркендеген, шикізатты терең өңдеу дамыған, қосылған құны жоғары металлургиясы қалыптасқан және заманауи көлік дәліздері дамыған жаңа экономика.

М.ТӨЛЕУ

АЙМАҚ

БАҚТЫ – ЖАҢА ТРАНЗИТ ҚАҚПАСЫ

Қазақстан кейінгі жылдары өзін Еуразия кеңістігіндегі маңызды транзиттік мемлекеттердің біріне айналдыруды стратегиялық басымдық ретінде айқындап келеді. Геосаяси ахуалдың өзгеруі, халықаралық сауда бағыттарының қайта құрылуы және Транскаспий халықаралық көлік бағытының маңызының артуы бұл міндеттің өзектілігін бұрынғыдан да күшейтті. Осындай жағдайда Абай облысының Мақаншы ауданындағы Бақты ауылында мультимодальды құрғақ порт пен логистикалық парк құрылысының басталуы – еліміздің көлік-логистикалық инфрақұрылымын дамытудағы маңызды қадам. Жобаның іргетасын қалау рәсіміне Абай облысының әкімі Берік Уәли мен Port Baqty ЖШС құрылтайшысы Қайрат Итемгенов қатысты. Облыс әкімі бұл бастама Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айқындаған Қазақстанның транзиттік әлеуетін арттыру жөніндегі стратегиялық міндеттермен толық үндесетінін атап өтті.



А Эльмира ЖҮРСІНБЕКҚЫЗЫ,
Абай облысы

— Бақты құрғақ порты — жай ғана инфрақұрылымдық жоба емес. Бұл — халықаралық сауда, көлік және логистика салаларын тоғыстыратын жана даму нүктесі. Жоба инвестиция тартуға, кәсіпкерлікті дамытуға, экспорттық әлеуетті арттыруға және шекара маны аумақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін береді, — деді Берік Уәли.

Бүгінде Қазақстан мен Қытай арасындағы негізгі теміржол тасымалы Достық пен Қорғас шекаралық өткелдері арқылы жүзеге асырылады. Алайда соңғы жылдары жүк көлемінің күрт артуы қолданыстағы инфрақұрылымға қосымша жүктеме түсіріп отыр. Осыған байланысты жана логистикалық шешімдердің қажеттілігі айқын сезілуде. Осы тұрғыдан алғанда, Бақтыдағы мультимодальды құрғақ порт Қазақстан мен Қытай арасындағы үшінші теміржол шекара өткелі ретінде ерекше маңызға ие. Жоба іске асқаннан кейін шекараның өткізу қабілеті жылына қосымша

20-25 миллион тоннаға дейін ұлғайып, Достық пен Қорғас бағыттарының жүктемесі азаяды. Нәтижесінде халықаралық жүк тасымалының тиімділігі артып, Азия мен Еуропаны байланыстыратын негізгі транзиттік бағыттардың бірі ретінде Қазақстанның рөлі күшейе түспек.

Жоба 2026–2028 жылдар аралығында кезең-кезеңімен іске асырылады. Қазір Мақаншы ауданының Бақты ауылдық округінен 150 гектар жер телімі бөлініп, жобалау және ұйымдастыру жұмыстары жүргізілуде.

Алғашқы кезеңде жобаға 210 миллион АҚШ доллары көлемінде жеке инвестиция тарту жоспарланған. Бұл қаржы халықаралық стандарттарға сай логистикалық кешен қалыптастыруға бағытталады. Оның құрамында контейнерлік және астық терминалдары, кедендік аймақ, қойма кешендері, автокөлік терминалы, сервистік орталықтар және жалпы ауданы 50 мың шаршы метрге дейінгі бондтық қоймалар салынады. Терминалдың жобалық қуаты жылына 1 миллион контейнерді құрайды.

Бұл көрсеткіштер Бақтыны шекаралық өткел ғана емес, халықаралық деңгейдегі мультимодальды логистикалық орталықтардың біріне айналдыруға мүмкіндік береді.

Жобада өндірістік инфрақұрылыммен қатар қызметкерлердің әлеуметтік жағдайына да ерекше назар аударылған. Кешен аумағында вахталық және шақырылған мамандарға арналған 200 орындық қонақүй салынады. Онда асхана, кір жуу орны, спорт залы және тәулік бойы жұмыс істейтін медициналық пункт қарастырылған. Мұндай шешім халықаралық өндірістік тәжірибеге сай келіп, еңбек өнімділігі мен кадр тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері де ауқымды. Құрылыс кезеңінде 800–1200 адам жұмыспен қамтылса, алғашқы кезеңнің өзінде 200 тұрақты жұмыс орны ашылады. Кешен толық іске қосылғаннан кейін тұрақты жұмыспен қамтылатындар саны 500–1000 адамға дейін жетеді. Сонымен қатар көлік, қойма қызметі, сауда, қоғамдық тамақтану, қонақүй бизнесі мен сервистік қызметтердің дамуы нәтижесінде ауданда қосымша 1500–2000 жана жұмыс орны құрылмақ. Бұл Мақаншы ауданы үшін ғана емес, жалпы Абай облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына оң ықпал ететін маңызды жоба болмақ.

Бақты құрғақ порты — өңірдегі инвестициялық саясаттың ең ірі бастамаларының бірі. Жалпы, 2026 жылы Абай облысында жалпы құны 131,2 миллиард теңгені құрайтын 41 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланған. Соның нәтижесінде 3 263 жана жұмыс орны ашылады. Ал биылғы жылдың алғашқы жартыжылдығында жалпы құны 34,62 миллиард теңгені құрайтын 14 жоба пайдалануға беріліп, 598 адам тұрақты жұмыспен қамтылды. Бұл өңірдегі инвестициялық белсенділіктің тұрақты екенін және мемлекеттік қолдау мен жеке капиталдың тиімді үйлесім тапқанын көрсетеді.

Соңғы жылдары Транскаспий халықаралық көлік бағытына әлемдік қызығушылық айтарлықтай артты. Еуропа мен Азия арасындағы балама дәліздердің маңызы күшейген кезеңде Қазақстанның географиялық орналасуы ел үшін үлкен стратегиялық мүмкіндікке айналып отыр. Бақты құрғақ порты осы артықшылықты тиімді пайдалануға бағытталған жобалардың бірі. Ол халықаралық транзиттік дәліздердің өткізу қабілетін арттырып қана қоймай, экспорт көлемінің ұлғаюына, жана өндірістердің қалыптасуына және өңірге инвестиция тартуға серпін береді.

БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТҚА
СЕРПІН БЕРГЕН БАСТАМА

Тәуелсіздік таңынан кейін елімізде құрылыс саласы ерекше қарқын алды. Әсіресе әлеуметтік бағытқа айрықша басымдық берілді. Міне, осы игіліктің жалғаса ретінде Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Тараз қаласында Инклюзивті спорт орталығының құрылысы басталып, жаңа нысанға қапсула салу рәсімі өтті. Салтанатты іс-шараға Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев қатысып, жобаның өңірдегі әлеуметтік инфрақұрылымды дамытудағы маңызына тоқталды.

А Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Өңір басшысы өз сөзінде жана нысанның құрылысы адамға деген құрметтің, тең мүмкіндік қағидатының және әлеуметтік жауапкершіліктің нақты көрінісі екенін атап өтті. Сондай-ақ облыста мүмкіндігі шектеулі азаматтарды бұқаралық спортқа тарту, спорттық резервті даярлау және халықаралық аренада жоғары нәтижелерге қол жеткізу бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп жатқанын жеткізді.

— Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Жолдауларында халықтың өмір сүру сапасын арттыруды, бұқаралық спортты дамытуды және ерекше қажеттілігі бар азаматтар үшін қолайлы орта қалыптастыруды мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі ретінде айқындап келеді. Бүгін бастау алған Инклюзивті спорт орталығының құрылысы — осы стратегиялық міндеттердің нақты жүзеге асуының айқын дәлелі. Спорт инфрақұрылымын дамыту — өңірдің тұрақты дамуының маңызды бағыты. Себебі дені сау ұлт — қуатты мемлекеттің негізі. Ал инклюзивті спорт әрбір азаматқа өзінің әлеуетін ашуға, қабілетін дамытуға және қоғам өміріне белсенді араласуға мүмкіндік береді. Бүгін іргетасы қаланған орталық алдағы уақытта мыңдаған тұрғынға қызмет көрсетіп, жас спортшылардың алғашқы жеңістеріне жол ашатын, параспортшылардың жана белестерді бағындыруына



мүмкіндік беретін маңызды спорт ордасына айналады деп сенеміз, — деді Ербол Қарашөкеев.

Жоба аясында халықтың барлық санатына, соның ішінде мүгедектігі бар азаматтар мен жүріп-тұруы шектеулі адамдарға арналған заманауи, қауіпсіз әрі қолжетімді конфункционалды спорт кешені бой көтереді.

Орталық құрамында әмбебап спорт залы және көрермендерге арналған мінберлер, тренажер және емдік денешынықтыру залдары, медициналық және психолог кабинеттері, әкімшілік және жаттықтырушылар кабинеттері, конференция залы, буфеті бар демалыс аймағы, күту және тіркеу аймағы бар кең вестибюль, киім ауыстыратын бөлмелер, душ және санитарлық тораптар, техникалық және қосалқы үй-жайлар қарастырылады.

Орталықтың жалпы аумағы 1,6 гектарды, ал ғимараттың жалпы ауданы 3 600 шаршы метрді құрайды. Нысан бір мезетте 300 келушіні қабылдай алады. Құрылыс жұмыстарын 2027 жылдың ақпан айында аяқтау жоспарланып отыр.

Қазір Жамбыл облысында денешынықтыру және спортпен айналысуға мүмкіндігі бар 19 278 мүгедектігі бар азамат тіркелген. Оның ішінде 4 383 адам немесе 22,7 пайызы спортпен жүйелі түрде шұғылданады. Оның 1481-і — жасөспірімдер.

Биыл өңірден 200 спортшы Қазақстан Республикасы ұлттық құрамаларының қатарына енді. Оның ішінде 148 спортшы — негізгі құрамда, 43 спортшы — жастар құрамасында, 9 спортшы — жасөспірімдер құрамасында.

Жамбыл облысының параспортшылары халықаралық жарыстарда да жоғары нәтижелер көрсетіп келеді. Олардың қатарында Паралимпиада және Сурдлимпиада ойындарының чемпионы мен жүлдегерлері, әлем және Азия чемпиондары Зұлфия Ғабидуллина, Нұрдәулет Жұмағали, Ғабит Есжанов, Айдос Түгелбаев, Берік Нұрымов, Нұржан Асан, Диас Рысбек және басқа да халықаралық дәрежедегі спортшылар бар.

Салтанатты іс-шара барысында VI Constnction & Engineering компаниясының Оңтүстік дивизионының директоры Ілияс Рүстем мен Қазақстан Ұлттық Паралимпиада комитеті вице-президенті Зұлфия Ғабидуллина сөз сөйлеп, жана спорт орталығы ерекше қажеттілігі бар азаматтардың спортпен жүйелі айналысуына кен мүмкіндік беретін маңызды әлеуметтік жоба екенін атап өтті. Сондай-ақ олар бастамаға қолдау білдіріп, құрылыс жұмыстарының сәтті жүзеге асуына тілектестік білдірді.

— Бүгін — ерекше қажеттілігі бар балдык спортшы үшін айрықша әрі маңызды күн. Мемлекет басшысына инклюзивті спортты дамытуға көрсетіп отырған қолдауы және еліміздің барлық өңірінде мамандандырылған спорт орталықтарын салу жөніндегі бастаманы жүзеге асырып жатқаны үшін алғыс білдіремін, — деді Зұлфия Ғабидуллина.

Міне, осылайша, Жамбыл облысы тапсырма талабы нәтиже екенін көрсетіп, игі дүниеге қадам басып отыр. Бұл — сөз жок, бас бармақпен бағалауға тұрарлық дүние.



ТЕҢ МҮМКІНДІК:
КЕДЕРГІСІЗ
КЕЛЕШЕККЕ ҚАДАМ

Қазақстанда мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау жүйесін жаңғыртуға ерекше назар аударылып отыр. Бұл бағыттағы реформалар әлеуметтік төлемдерді жетілдірумен ғана шектелмей, кедергісіз орта қалыптастыруды, жұмыспен қамтуды, білім мен медициналық қызметтердің қолжетімділігін арттыруды қамтиды.

А Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

Ақтөбе облысында да бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі жүзеге асырылып келеді. Өңірде мүгедектігі бар азаматтарды әлеуметтік қолдау, техникалық оңалту құралдарымен қамтамасыз ету, арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету және жұмыспен қамту шараларын кеңейтуге басымдық берілген. Ресми мәліметтерге сәйкес, облыста 31-ден астам мүгедектігі бар адам тұрады, оның 5 834-сі — 16 жасқа дейінгі мүгедек балалар. Қазір олар медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімшелеріне бармай-ақ, мүгедектікті сырттай, проактивті форматта белгілей алады. Сонымен қатар аталған формат азаматтардың уақытын үнемдеп, құжат жинау машақатын азайтып, ашықтықты қамтамасыз етеді. Бұл мемлекеттік қызметтерді цифрландыру мен жасанды интеллект технологияларын енгізу, Digital Qazaqstan жалпыұлттық стратегиясын жүзеге асыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстардың нәтижесі екені сөзсіз. Мәселен, ресми ақпарат бойынша, Ақтөбе облысында 2020 жылы әлеуметтік қызметтер порталында мүгедектігі бар адамдар қызметтің 55 түрін алған болса, 2025 жылы 28 133 адамды қамту жоспарланып, оның 27 517 адамы (98%) техникалық оңалту құралдарымен және санаторлы-курорттық сауықтырумен қамтамасыз етілді. Жергілікті бюджет есебінен 2 082 мүгедектігі бар адамдарға «Инватакси» қызметтері көрсетіліп, 12 әлеуметтік көмек бөлімдері арқылы 310 мүгедек балаларға және 1 784 жалғызілікті және мүгедектерге үйде күтім жасау жағдайында арнайы әлеуметтік қызметтер көрсетілген. Мүгедектігі бар адамдардың әлеуметтік инфрақұрылымдар нысандарына кедергісіз кіруі үшін 2025 жылы 896 нысан бейімдеуден өткен. Облыста стационар жағдайында арнайы әлеуметтік қызметтер көрсететін 4 медициналық-әлеуметтік мекеме жұмыс істейді.

Ресми деректерге сүйенсек, бүгінде аймақ бойынша 1 899 мүгедектігі бар адам спортпен тұрақты түрде айналысады. Бұл көрсеткіш медициналық қарсы көрсетілімі жоқ азаматтардың 12,7 пайызын құрайды. Сондай-ақ облыста «Мүгедектігі бар адамдарға арналған спорт клубы» мүмкіндігі шектеулі азаматтардың спортпен жүйелі түрде айналысуына барлық жағдайды жасап отыр. Мұнда мүгедектігі бар адамдарға бейімделген спорттың 20 түрі дамып келеді. Олардың басым бөлігі — Паралимпиада және Сурдлимпиада ойындары, Пара Азия ойындары мен Special Olympics бағдарламасына енген спорт түрлері. Еліміздің ұлттық құрама командаларына кіретін ақтөбелік 73 спортшы мен 18 жаттықтырушы облыс әкімінің ай сайынғы арнайы төлемакысын алады. Бұл қолдау олардың ынтасын арттырып, жоғары деңгейде дайындалуына серпін беретін маңызды тетік саналады.

Ал ақтөбелік пара және сурдо спортшыларының соңғы жылдардағы халықаралық ареналардағы жетістігі туралы айтар болсақ, 2025 жылы облыс спортшылары еліміздің чемпионаттары мен спартакиадаларында барлығы 225 медаль (113 алтын, 65 күміс, 47 қола) жеңіп алса, халықаралық ареналарда 14 медальға (4 алтын, 4 күміс, 6 қола) қол жеткізді.

Өңірде инклюзивті спортты дамытуға бағытталған жана жобалар да іске асырылуда. Биыл Ақтөбе қаласында мүгедектігі бар жандарға арналған «Қуат» инклюзивті

спорт кешені ашылды. Жана нысан Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша салынды және инклюзивті саясатты іске асыру мен барлық азаматқа тең мүмкіндіктер қалыптастыруға арналған зор мүмкіндіктер қатарынан саналып отыр. Кешеннің жалпы аумағы — 4 855 шаршы метр. Ашық алаңдардағы жаттығуларды қоса есептегенде, күніне 500 адамға дейін қабылдауға қауқарлы. Мұнда халықаралық стандарттарға сай толық қолжетімді орта қалыптастырылған. Кешенде жүзу бассейні, әмбебап спорт залы, күрес залы, жаттығу жабдықтары бар бөлмелер, үстел теннисі залы және ашық спорт алаңдары бар. Көрермендерге арналған 200 орын қарастырылған. Кешен базасында спорттың 20-дан астам түрі дамытылады деп жоспарланған. Сондай-ақ паралимпиадалық бағыттар қатарында жеңіл атлетика, жүзу, отырып ойнайтын волейбол, пауэрлифтинг, үстел теннисі, парадзюдо, оқ ату, арбадағы теннис, голбол, бочка, паратаэквондо секілді спорт түрлерін дамыту көзделген. Ал сурдлимпиадалық спорт түрлеріне футбол, күрес, дзюдо, бадминтон, шахмат, үстел теннисі, жүзу, таэквондо және басқа да бағыттар енген. Сонымен қатар паралимпиадалық емес спорт түрлері — тоғызқұмалақ, шахмат, дойбы, армрестлинг те қарастырылған.

Облыстағы осы зор инфрақұрылымдық әлеуеттің арқасында 2027 жылы республикалық сурдо спартакиаданы, ал 2029 жылы пара спартакиаданы өткізуге өтінім беру жоспарланады. Бұл бастама бейінді спорт түрлерін кеңінен насихаттауда маңызды қадам болады деп күтілуде.

Елімізде кедергісіз келешек, яғни инклюзивті орта қалыптастыру бағытында ерекше қажеттілігі бар жандарға білім берудің тиімді бағдарламасын жүзеге асыру стратегиялық басым бағыт саналады. Осы бағытта Ақтөбе облысында инклюзивті білім беруді дамыту аясында нашар көретін және заңиг оқушыларды даярлайтын арнайы колледж жұмыс істейді. Бұл — қазақтың батыр қызы Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе жоғары медициналық колледжі.

Колледжде «Кедергісіз болашақ» мемлекеттік жобасын жүзеге асыру бойынша мүмкіндігі шектеулі оқушыларды оқыту, инклюзивті оқытуды дамыту, олардың жұмыс істеуі үшін жағдай жасау, ерекше қажеттіліктері бар қазақстандықтардың өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі мәселелерді шешуді көздейтін мақсатты жұмыстар жүргізілуде.

Мүгедектігі бар оқушыларға колледжде қауіпсіз және жүріп-тұруына ыңғайлы болуы үшін ғимараттың өзі де, оның барлық бөлмесі де физикалық қолжетімділікпен қамтамасыз етілген. Мамандық бойынша материалды сапалы жеткізу үшін колледж оқытушылары өз білімін үнемі жетілдіріп отырады және инклюзивті оқыту бойынша біліктілігін арттырудан өтеді. Инклюзивті оқыту тәжірибесімен алмасу мақсатында оқытушылар мен білім алушылар халықаралық, республикалық, облыстық маңызы бар семинарларға қатысады. Сонымен қатар колледжде мүмкіндігі шектеулі жандарды бейімдеу олардың оқу үдерісіне бейімделуін ғана емес, есту қабілеті бар оқушылармен интеграциялануын да қамтиды.

